По результатам Берлинской (Потсдамской) конференции в начале августа 1945 г. советское руководство приняло решение вступить в войну с Японией. В условиях начавшейся войны Правительство СССР приняло решение начать интенсивную агитационно-пропагандистскую работу, стараясь ознакомить жителей Советского Союза с проблемами истории и культуры Японии, с ее текущим экономическим и политическим состоянием, военными планами дальневосточного соседа и многими другими вопросами. На агитационных собраниях затрагивалась проблема истории взаимоотношений двух стран в первой четверти XX века: результаты русско-японской войны 1904 – 1905 гг. и события дальневосточной интервенции[1].

9 августа 1945 г. СССР объявил войну Японии. Передовую страницу в газете «Правда» обсуждали на митингах жители из различных городов Советского Союза: Москвы, Минска, Ярославля, Ташкента, Воронежа, Сталинграда, Ленинграда, Александровска-Сахалинского, Омска, Кишинева, Уфы, Сталинабада и мн. др.[2] Президент АН СССР С.И. Вавилов напомнил читателям историю взаимоотношений двух противоборствующих держав: «Захватив разбойничьим образом значительную часть Китая. Япония продолжает упорствовать в продолжение войны. Наш народ помнит Халкин-Гол. Старшее поколение не забыло коварного нападения на наш тихоокеанский флот в Порт-Артуре и Чемульпо»[3]. На подобных мероприятиях в Ленинграде присутствовали многие авторитетные историки: «Их налеты на нашу территорию, обстрелы и т.п. [в период «дальневосточного затишья» - С.К.] – все говорило о том, что фашистский зверь готов напасть на Советский Союз...» - заместитель директора института истории ВКП(б) И.М. Кошелев[4]. Академик В.М. Алексеев, сам посетивший Маньчжурию в начале XX века, обратил внимание на события японо-китайской войны: «У меня – востоковеда, специалиста по Китаю, - решение Советского правительства вызвало особое удивление. Тысячу лет японцы занимались пиратством у берегов Китая. Неслыханную агрессию ведет она и в течение последних четырнадцати лет...»[5].

В результате агитационно-пропагандистских мероприятий жители Москвы и Ленинграда встали на многодневную стахановскую вахту, стали работать больше и лучше для достижения победы над «последним сателлитом Германии». Рабочий

завода «МАРЗ» Кравцов: «Я участвовал в боях на озере Хасан и хорошо знаю японские звериные повадки. Согласившись на капитуляцию и сложив оружие, часть японцев может исподтишка вести резню. К этому мы должны быть готовы». После беседы на тему «О войне с Японией» бригада завода №691, встав на стахановскую вахту, совершила «незаметный подвиг». Так, бригада Ивановой выполнила план на 159%, бригада Старшиновой на 171%, бригада Кругликовой на 179%, бригада Игнатовой на 181% [6]. Рабочий Редькин завода №6 заявил: «Решение нашего Правительства правильное. Мы должны помочь союзникам, ведь они вояки неважные. С Японией справиться можем только мы, а сила у нас еще есть. Придется подтянуться, поработать на славу. Мы дадим стране столько металла, сколько потребуется на головы японцев» [7].

Таким образом, доминанта общественных настроений жителей Москвы и Ленинграда свидетельствовала о новом патриотическом подъеме после Великой Отечественной войны. Причиной оптимистичных и уверенных настроений служила не только правильно организованная и достаточно продуктивная пропагандистская работа, но и известия с фронта, где Япония терпела поражение за поражением в войне от союзников по антигитлеровской коалиции.

Однако беспокойство некоторых москвичей и ленинградцев, вызванное началом новой войны, стало нормой поведения в суровых условиях послевоенного времени. Следствием незнания событий на Дальнем Востоке являлась неуверенность в будущем и страх потерять уже имеющееся. Лаборантка Нижегородова, выступавшая на митинге НИИ-1: «Опять война! Их всех гадов не перебьешь! Японию разобьем, а там, глядишь, нейтральные страны оскалят зубы. Четыре года я не видела мужа. Теперь было появилась надежда на его приезд домой, и вот снова нет уверенности, останется он жив или нет? А жить то все же очень тяжело!» [8]. Женщина с завода «Искра»: «Зачем надо было объявлять войну Японии? Пусть бы союзники испытали и понесли те потери, которые мы понесли в войне с Германией. Япония народ смелый и будет сопротивляться ожесточенно. Война затянется надолго. Ждали прибавки хлеба, а теперь опять наверно оставят старую норму и военный налог будут удерживать по старому». Рабочая Петухина с завода №6: «Устал наш народ от войны. Вот эти два месяца [июнь, июль 1945 г. – К.С.] немного полегче, вздохнули, думали, что кончились наши страдания. Теперь видим, что еще придется помучиться. У меня два сына на Дальнем Востоке, воевали с Германией, а теперь вот с Японией воюют. Будут ли они живы?» [9].

Результатами умозаключений москвичей и ленинградцев являлись вопросы, задаваемые, как правило, по завершению всех митингов и собраний. Часто задаваемые вопросы преимущественно касались проблем, связанных с изменением социально-экономического устройства в городе в послевоенное время. Так, к примеру, затрагивались вопросы о возможном переводе предприятий на выпуск военной продукции, а армии и флота на казарменное положение. Другая группа вопросов затрагивала проблемы о срочных прерываниях отпусков рабочих и служащих; сохранения восьмичасового рабочего дня; отмены карточной система; увеличения норм хлеба и др. Иными словами, задавались вопросы о влиянии войны на «начавшийся мирный труд» [10].

Во-вторых, вопросы, фиксировавшие интерес советских людей к проблемам эффективного взаимодействия СССР, США, Англии и других союзников по антигитлеровской коалиции. У некоторых москвичей и ленинградцев возникали опасения в связи с вступлением СССР в новую войну с Японией, как, к примеру, у работницы завода Котлякова Жутенковой: «... Не получится так, что союзники будут ожидать, а мы будем бить японцев и нести потери, как получилось с Германией; три года мы воевали одни, а они ждали удобного момента». Рабочая хлебозавода №6 Шибаева: «Если мы будем воевать с Японией, то союзники заберут наш Сахалин и Порт-Артур и будут грозить нам оттуда войной» [11]. Инспектор Михалев НК Стройматериалов: «Англия старается в сторонке стоять, а вот как она теперь себя проявит, в этой совместной войне против Японии? Не пришлось бы нам воевать только вместе с Америкой». Высказывались и об открытии второго фронта: «Когда мы просили союзников открыть второй фронт, они тянули целых два года, а когда союзники обратились к нам, то мы сразу объявили войну Японии. Разве это правильно?» [12]. Некоторые ставили под сомнение «волеизъявление советского

народа», и больше склонялись к версии о просьбах к СССР вступить в войну с Японией. Единичные умозаключения населения Советского Союза свидетельствовали о неминуемых тяготах Советского Союза в грядущей войне[13]. В-третьих, вопросы, посвященные деталям проведения наступательной операции Красной Армией на Дальнем Востоке, а также общие проблемы о размере территории, численности населения и армии, состоянии военно-морских и военно-воздушных сил дальневосточного соседа. А именно, каким образом советское командование будет проводить военные действия на новой территории, ожидать ли затемнения и бомбардировок в Москве и Ленинграде, смогут ли японцы использовать отравленные вещества и др.[14] После событий в городах Хиросима и Нагасаки москвичи и ленинградцы интересовались, известен ли советскому руководству секрет атомной бомбы, и не направит ли Америка свою атомную бомбу на Советский Союз. Нежелание принять на себя тяжесть очередной войны бытовала недолго, ведь сразу через неделю после начала войны, Япония приняла безоговорочную капитуляцию. Объяснить панические настроения среди москвичей и ленинградцев нельзя недостаточной пропагандистской работой или слабой информированностью населения, а возможно, чувством беспокойства советских людей за своих родных и близких, воевавших на дальневосточном фронте.

Во время войны в советских газетах во многом пытались убедить ленинградских и московских читателей в повторном сценарии Победы над врагом. На одной карикатуре, занимающей почти всю страницу газеты «На страже Родины», перед читателями предстает Гитлер и насупившийся японец, стоящие напротив советских пушек. Тень Гитлера отображает силуэт фюрера и его внешних черт лица: зализанной челки, низкого покато лба, длинного носа, широких скул. Маленький, толстый японец выглядит весьма уверенным, готовым к боевым действиям, держа в одной руке самурайский меч, в другой фашистский маузер. Под карикатурой приведены следующие стихотворные строчки: - Не трать усилий самурай, / Ложись ка в гроб и помирай! – / Ему тень Гитлера сказала. / Исход известен наперед: / Капут постиг меня сначала, / Теперь приходит твой черед[15].

Таким образом, средства и методы пропаганды и агитации СССР во время советско-японской войны привели к распространению разного рода сообщений среди жителей Москвы и Ленинграда. С одной стороны, официальная позиция населения страны в своем большинстве демонстрировала единство мнений и настроений: самоотверженно стоять на своем посту, навести дисциплину во всех трудовых коллективах, в которых выступили с единодушным осуждением Японии. Многие москвичи и ленинградцы обращались с просьбой отправить их на дальневосточный фронт добровольцами с осознанием быстротечности объявленной войны. С другой стороны, вступление Советского Союза в войну с Японией вызвало неоднозначную реакцию: непонимание в необходимости принятого решения перекликалось с беспокойством советских людей за своих близких и стремлением к социальной справедливости.

Литература

- 1.Центральный государственный архив историко-политических документов Санкт-Петербурга (далее ЦГАИПД СПб). Ф. 25. Оп. 10. Д. 451. Л. 52, 165, 205. Центральный государственный архив г. Москвы (далее ЦГА г. Москвы). Ф. 4. Оп. 39. Д. 82. Л. 87об – 88.
- 2.Покончить с японским агрессором // Известия советов депутатов трудящихся СССР. 1945. 9 авг. С. 2.
- 3.Там же. С. 2.
- 4.ЦГАИПД СПб. Ф. 25. Оп. 10. Д. 536. С. 17.
- 5.Уничтожим осиное гнездо! // Смена. 1945. 12 авг. С. 2.
- 6.ЦГА г. Москвы. Ф. 4. Оп. 39. Д. 82. Л. 87.
- 7.ЦГА г. Москвы. Ф. 4. Оп. 39. Д. 88. Л. 90.
- 8.Там же.
- 9.Там же.
- 10.ЦГАИПД СПб. Ф. 25. Оп. 10. Д. 536. Л. 14, 22. ЦГА г. Москвы. Ф. 4. Оп. 39. Д. 82. Л. 87об – 88. Ф. 4. Оп. 39. Д. 88. Л. 90.

- 11.ЦГА г. Москвы. Ф. 4. Оп. 39. Д. 88. Л. 92.
- 12.Там же. Л. 89.
- 13.ЦГАИПД СПб. Ф. 25. Оп. 10. Д. 536. Л. 19, 43.
- 14.ЦГА г. Москвы. Ф. 4. Оп. 39. Д. 88. Л. 93.
- 15.На страже Родины, 1945. 14 авг. С. 4.

РАЗВИТИЕ НАУЧНЫХ ОСНОВ ПОДГОТОВКИ АРТИЛЛЕРИЙСКИХ И ИНЖЕНЕРНЫХ КАДРОВ В ОБЪЕДИНЕННОЙ АРТИЛЛЕРИЙСКОЙ И ИНЖЕНЕРНОЙ ШКОЛЕ

Н.Д. Козлов, В.Н. Бенда

*Ленинградский государственный университет им. А.С.Пушкина
г. Санкт-Петербург, Россия*

Мақалада 1758 жылы құрылған «Артиллерия және инженерлік дворяндық (1761 ж.-шляхта) біріккен мектебі» әскери-арнайы оқу орнының қызметінің бастауы жайында сөз қозғайды, оның базасында 1762 жылы Артиллериялық және инженерлік шляхталық кадет корпусы құрылған. Авторлар назарларын артиллериялық және инженерлік білім берудің ғылыми негіздеріне баса аударады. Әсіресе бұл жұмыстың генерал-фельдцейхмейстер П.И.Шуваловтың күш-жігері арқасында Елизавета Петровна патшалығының аяқталу тұсында жоғары көрсеткішке қол жеткізгендігі туралы нақты дәлелдермен баяндалған.

The article deals with the beginning of the activities of the military special school "United artillery and engineering noble (from 1761 - gentry) school" created in 1758, and, on the basis of which, later in 1762, the Artillery and engineering gentry cadet corps was established. The authors emphasized that scientific principles of artillery and engineering education thanks to the energy and will of P.I. Shuvalov the General Feldzeugmeister had raised to a higher level of development at the end of the reign of Elizabeth Petrovna.

Кілт сөздер: *XVIII ғ., екінші жартысы, П.И.Шувалов, артиллериялық және инженерлік кадрлар, ғылыми негіздер, артиллериялық және инженерлік білім, Біріккен артиллериялық және инженерлік мектебі.*

Key words: *the second half of the XVIII century, P. I. Shuvalov, artillery and engineers, scientific bases, artillery and engineering education, the United artillery and engineering school.*

Одной из своих первостепенных задач Петр Иванович Шувалов, после своего назначения на должность генерал-фельдцейхмейстера (начальника артиллерийского и инженерного корпусов – *Н.К.,В.Б.*), считал «... армию её императорского величества **достаточно артиллерией снабдить и достойными артиллеристами и инженерами наполнить**»(здесь и далее полужирный курсив наш – *Н.К.,В.Б.*)[2,л.25об.].

Для реализации этой задачи 27 апреля 1758 года, П. И. Шувалов представил императрице Елизавете Петровне план учреждения в России вместо двух артиллерийских (Санкт-Петербургской и Московской – *Н.К.,В.Б.*) и одной инженерной школы создать одно учебное заведение[1,л.56-65об.] «...при артиллерии шляхетного кадетского корпуса с классом военной науки, чтоб в оном обучающимися дворянами без недостатка наполнять вперед вакансии офицерские артиллерийского и инженерного корпусов по приобретению знания по склонности обучающихся к артиллерии или инженерству дабы артиллерийский и инженерный корпусы...и требующие для своей службы весьма научных офицеров навсегда подлинно получили таких, которые пи знании совершенно артиллерию, инженерство или при инженерной науке артиллерию...»[2,л.26об.].

По плану, задуманному графом П.И.Шуваловым, новый кадетский корпус должен был не только специально готовить артиллерийских и инженерных офицеров, но давать офицерам всех родов войск законченное, военное образование.

Напомним, что основанием для учреждения Объединенной артиллерийской и инженерной школы послужил приказ П.И. Шувалова Канцелярии Главной артиллерии и фортификации(КГАиФ) от 22 августа 1758 г. в соответствии с которым предписывалось соединить школы в одну[3,л.49-54]. Во исполнение этого приказа 12 сентября 1758 г. капитан М. И. Мордвинов, назначенный непосредственным начальником объединенной артиллерийской и инженерной школы (бывший начальник Петербургской инженерной школы и бывший воспитанник Сухопутного кадетского корпуса – *Н.К.,В.Б.*), доложил Шувалову, что в помещение инженерной

школы, расположенной на «инженерном дворе», были переведены ученики Петербургской артиллерийской школы и Петербургской гарнизонной инженерной школы[3,л.17-25].

Обе школы, были им соединены в одну, и все произведенные преобразования в структуре соединенной школы должны были послужить подготовительным этапом учреждения на ее базе Кадетского корпуса на иных, совершенно отличных от прежнего, началах. Учебное заведение получило название «Объединенная артиллерийская и инженерная дворянская (с 1761 г. - шляхетская) школа».

П.И.Шуваловым было обращено большое внимание на подбор преподавателей для объединенной школы. Так, например, в своем предписании КГАиФ от 29 октября 1758 г. П.И.Шувалов писал, что **«...по соединении артиллерийской и инженерной школы усмотрено мною, что за распределением для обучения подлежащих наукам по классам офицеров и смотрений над малолетними обучающимися словесной грамоте также и к обучению их арифметике и геометрии недостает офицеров»**. Шувалов давал указание КГАиФ найти необходимых кандидатов на замещение должности преподавателей школы, которая соответствовала рангу штык-юнкера артиллерии, и доукомплектовать штат преподавателей[1,л.41].

Для обучения учеников артиллерии, фортификации и высшей математике из Сухопутного кадетского корпуса был переведен поручик Иван Картмазов[3,л.51]. Преподавание алгебры, механики и гидравлики вел бывший преподаватель инженерной школы инженер прапорщика Я. П. Козельский, произведенный в чин артиллерии поручика. Для обучения немецкому языку, географии и геометрии из инженерной школы был назначен инженер прапорщик Павел Флоринский. В помощь Флоринскому из Сухопутного кадетского корпуса был назначен кондуктор Степан Назаров[7,с.235].

29 октября 1758 г. КГАиФ получила от П.И.Шувалова еще одно предписание, в котором говорилось, что Санкт-Петербургская артиллерийская и инженерная школы соединены в одну для того чтобы будущие офицеры получали лучшую подготовку **«...не только подлежащих до артиллерии и фортификации и прочих математических наук»**, но и **«...в языках искусными и способными офицерами были»** [1,л.43].

Далее говорилось, что если организовать аналогичный учебный процесс в Московской артиллерийской школе, то это потребует излишних финансовых затрат. Более того, могли возникнуть проблемы с укомплектованием штата преподавателей Московской артиллерийской школы грамотными и опытными в практическом плане инженерными и артиллерийскими офицерами. Более того, если бы последовало утверждение проекта П.И.Шувалова о создании артиллерийского и инженерного кадетского корпуса, то Московскую артиллерийскую школу следовало все равно переводить в Санкт-Петербург.

По мнению П.И.Шувалова, Московскую артиллерийскую школу целесообразно было перевести в Санкт-Петербург, и руководствуясь этим соображением, П.И.Шувалов, ордером от 29 октября 1758 г., посланным генерал-лейтенанту Глебову, указал чтобы **«...находящихся в Москве артиллерийских учеников со всеми имеющимися книгами и прочими принадлежностями немедленно перевести в Санкт-Петербург**. дабы оные единственно ... вместе обучаемы были» [1,л.44]. Во исполнение этого указания генерал-фельдцейхмейстера П.И.Шувалова, 25 февраля 1759 г. все ученики Московской артиллерийской школы во главе с ее начальником И.А. Вельяшевым-Волынцевым были переведены в Петербург[3,л.56].

В дополнение к уже опубликованным нами некоторым сведениям касающихся деятельности Объединенной артиллерийской и инженерной школы[5], небезынтересным будет узнать состав преподавателей тех или иных дисциплин, изучение которых велось в школе по состоянию на октябрь 1760 г. (см. таблицу 1) Обратим внимание на тот факт, что курс «алгебры и механики» в школе читал **известный в последующем русский философ, просветитель, переводчик, писатель и педагог Яков Павлович Козельский** и один из авторов Нового уложения законов Российской Империи. Якову Павловичу принадлежит авторство одного первых трудов по философии на русском языке [9] и многих других работ в области артиллерийской науки, механики и математики.

Таблица 1

Список находящиеся при артиллерийской и инженерной школе обер-офицеров и рисовальных мастеров, кто при какой должности состоит (орфография и стиль документа сохранен – *Н.К.,В.Б.*) [4,л.6об.]

Имена	Кто какой класс обучает
Артиллерии капитан Иван Картмазов Иван Вельяшев-Волынцев	Артиллерии и геометрии
Артиллерии поручик Павел Флоринский	Фортификации и геометрии
Артиллерии подпоручик Яков Козельский	Алгебры и механики
Артиллерии подпоручик Яков Мартьянов	Арифметики, геометрии и фортификации солдатских детей
<i>При вспоможении при классах офицерам</i>	
Инженер-прапорщики	
Петр Рожнов	Фортификация
Иван Воеков	Артиллерия
Максим Северцев	Геометрия
<i>Рисовальные мастера</i>	
Яков Петрулев Эранц Андреян Беринс Федор Яковлев Иван Богданов Федор Поддеулян	Рисовать
	В чертежной вашего сиятельства
<i>Вольные учителя</i>	
Танцевального класса Семен Брюханов	Танцевать
Немецкого класса Филипп Магнус Иван Христиан Ремодус	Немецкого языка
Французского класса Гиндис Де Лавье	Французского языка

Другой известный русский военный педагог и ученый в области артиллерийского и инженерного дела, автор учебного пособия по артиллерии «Артиллерийские предложения...»[6], оставшимся вплоть до 1816 г. одним только учебным пособием для изучения курса артиллерии – ***Иван Андреевич Вельяшев-Волынцев*** преподавал в школе курс артиллерии геометрии.

Помимо этого и сам генерал-фельдцейхмейстер П.И.Шуваловым разработал учебное пособие по артиллерии, применявшееся для обучения школьников артиллерийским наукам[12].

В заключение отметим, что предпринятое генерал-фельдцейхмейстером П.И.Шуваловым соединение артиллерийских и инженерной школы и размещение их в одном здании, а также принятие нового военно-специального учебного заведения под свою личную «особую дирекцию» ***было важным шагом в развитии научных основ подготовки артиллерийских и инженерных кадров.***

В объединенной артиллерийской и инженерной школе были внесены существенные изменения в учебную программу и организацию учебного процесса. В школе стал преподаваться немецкий язык, совершенствовалась методика преподавания военных науки математики. Значительное время в учебном процессе стало уделяться практическим занятиям. В Объединенной артиллерийской и инженерной школе преподавали известные в будущем русские военные педагоги и ученые Я.П.Козельский и И.А.Вельяшев-Волынцев, которыми были разработан ряд учебно-методических пособий использующихся в учебном процессе Артиллерийского и инженерного

шляхетного кадетского корпуса, основанном на базе Объединенной артиллерийской и инженерной дворянской школы[6,8,10].

Литература

1. Архив Военно-исторического музея артиллерии, инженерных войск и войск связи (Архив ВИМАИВ и ВС). Ф.2. Оп. Арсенальная. Д.783.
2. Архив ВИМАИВ и ВС. Ф.2. Оп. ШГФ (Штаб генерал-фельдцейхмейстера). Д. 958.
3. Архив ВИМАИВ и ВС. Ф.2. Оп. ШГФ. Д.1222.
4. Архив ВИМАИВ и ВС. Ф.2. Оп. ШГФ. Д.1234.
5. Бенда В.Н. К вопросу о деятельности Объединенной артиллерийской и инженерной школы в конце 50 – начале 60-х годов XVIII века // Известия Российского государственного педагогического университета имени А.И.Герцена. 2009. № 92. С.16-22.
6. Вельяшев-Волынцев И.А. Артиллерийские предложения для обучения благородного юношества Артиллерийского и инженерного шляхетного кадетского корпуса. СПб.: типография корпуса, 1777. 248 с.+ 47 с. Чертежи.
7. История Отечественной артиллерии. Т. 1. Кн. 2: Артиллерия русской армии в период укрепления абсолютизма (XVIII в.). М.: Воениздат, 1960. 696 с.
8. Козельский Я. П. Арифметические предложения для употребления обучающегося при Артиллерийском и инженерном шляхетном кадетском корпусе благородного юношества. СПб.: Типография Шляхетного кадетского корпуса, 1764. 285 с.
9. Козельский Я.П. Философические предложения, сочиненные Надворным советником и Правительствующего Сената Секретарем Яковом Козельским в Санкт-Петербурге 1768 года его Сиятельству князю Александру Алексеевичу Вяземскому... СПб.: Сенатская типография, 1768 г.
10. Козельский Я.П. Механические предложения для употребления обучающегося при Артиллерийском и инженерном шляхетном кадетском корпусе благородного юношества. СПб.: при Императорской Академии наук, 1787. 242 с.
11. Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф.20. Оп.1. Д.198.
12. Шувалов П.И. Практика единорогов, изобретенных артиллерии генерал-фельдцейхмейстером и кавалером, графом П.И.Шуваловым, и преимущества их перед прежними артиллерийскими орудиями, кратко описанные в вопросах и ответах для употребления при артиллерийских школах. СПб.: при Императорской Академии Наук, 1760. 41 с.

ӘОЖ950.574

МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ – МЕМЛЕКЕТТІЛІК

М.Д. Нұршаев, Ү.Қ.Сәрсембин

*ҚР ИИМ М. Бөкенбаев атындағы ақтөбе заң институты
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В статье авторы рассматривают историческую сущность общенациональной идеи «Мәңгілік Ел».

In this article the author examines the historical essence of the national idea "Mangilik El".

Ключевые слова: *история, историческая сущность, общенациональная идея.*

Key words: *history, historical essence, national idea.*

Адамзат қоғамының даму тарихынан белгілі, әр бір мемлекеттің даму стратегиясына негізделген әлеуметтік философиялық проблемалар, алдыменен елдің экономикасы мен мәдениетін көркейту бағытында қалыптасып, зиялылардың ел мүддесі жолындағы қажырлы еңбегінің нәтижесінде шешімін тауып отырған. Мәселен көне дәуірдің өзінде грек қоғамында мемлекетті көркейтудің негізгі проблемалары ғылым түрлерін дамыту, халықтың қолын білімге, өнерге жеткізу, халықтың санасы мен рухын көтеретін елдің дербес философиясын дамыту ісімен тығыз байланысты

болған. Көне дәуір ғалымдары мемлекетін көркейту жолында білім түрлерін өзге елдерді аралап жүріп жинақтаған.

Мемлекетін қорғайтын ұрпақ жасампаздығымен тарихта қалады, адамның жасампаздығы әр уақытта әр түрлі талаптармен өлшеніп отырған. Адамзат дүниесінде ұлттардың мемлекеті мен мәдениетінің қалыптасу жолындағы жасампаздық даналықпен, қабілетпен, ғылыми жаңалық ашумен, техника түрлерін жасап шығару сынды жаңа тәжірибелермен көрініп отырса, қазіргі заманғы жаңа үлгідегі дамуға елдің қолын жеткізудің талаптары ғылымды игеруде жаңа технология тәсілдері мен ғылымның жаңа тәжірибелерін дамыту болып отыр. Ақпараттық технология ғасырында тәжірибелер идея түрінде әлемге тез әрі кеңінен тарап отырады. Бұндай уақытта жаңа технологияның түрлерін ойлап тауып, оны адамзат алдына шығарған мемлекет өзінің мүддесін қорғауға қабілетті келеді. Бұны айтып отырған себебіміз, қай ғасырда болмасын (дамыған мемлекеттердің стратегиялық философиясынан мәлім болып отырғандай) қоғамды, мемлекетті ілгерілететін зиялылардың қоғам алдына шығуы мемлекетшілдік рухқа тәуелді.

Ел мүддесіне бір кісідей жұмыла қызмет еткен зиялылар, өз мемлекетінде ғылымның түрлерін дамытып қана қоймай, болашақта қоғамның дамуына ықпал ететін, ғылым арқылы адамзат дүниесінде мәңгі мемлекетті сақтайтын әлеуметтік ортаны қалыптастырған, яғни халықтың (дамуға бейім келетін) санасын көтерген. Қазақ ойшылы Абай өзінің қара сөздерінде мемлекетті, қоғамды ағарту жолындағы ойшылдардың кісілік бейнесін негізге алады. Абайдың қара сөздеріндегі көне дәуір ойшылдарының бейнесінен қанша уақыт алға басып, уақыттың тегермеші өзгергенімен, мемлекет пен халықты біріктіріп отыратын мемлекетшілдік сана мен ұлттық рух екендігін бірден ұғынамыз.

Қоғамды дамытатын адам, адамды дамытатын ұлттық идея. Ұлттық идеясыз қоғам дамымайды, кез келген экономикасы күшті мемлекеттерді алып қарайық, ұлттық идея тәжірибелерін қалыптастыруға ерте мән берген. Мәселен бұдан үш мың жыл уақыт бұрын қытай елінде мемлекеттің тарихы жазылған, көне дәуірде грек тарихшылары әлемді шарлап әлем тарихын зерттейтін ғылымды отанында қалыптастырған. Бұндағы мақсат (өздігінен белгілі) әлемдегі ұлттардың дәстүрін, ділі мен тілін зерттеу, өмір сүру тәсіліндегі тәжірибелерді білу арқылы өз елінің болашағына қатысты жүйелі түрде дамудың бағыты мен стратегиялық бағдарламасын қалыптастыру. Олардың жазған дүниелері мемлекеті үшін білімі мол бағдарлама болып тарихта бекітілді.

Мемлекеттің дамуына қажетті құндылықтарды адамзат тарихында алғашқылардың бірі болып қалыптастырып кеткен түркі ойшылдары деп айтсақ артық емес. Әл-Фарабидің жазған дүниелері «Мәңгілік Ел» болу идеясының тарихи феномені ретінде тарихта сақталып қала бермек. Әл-Фараби өзіне дейінгі дәуірлердің құндылықтарын түгелімен зерттеп, түркі мәдениетінің және ислам дінінің құндылықтары негізінде жаңа уақыттың талабына сай өркениетті мемлекет стратегиясын негіздейтін философия қалыптастырған. Онда ел игілігіне қажет қасиеттер зерделенген: қоғам өмірінде адамгершіліктің өріс алуы, адамдардың сезімтал болуы, ұрпақтың рухты болуы, елге, тарихқа, ел болашағына деген жанашырлық, қабілеттілік, қабілетті тәрбиелеу ісі, даналық сөзді қадірлеу, тілді құрметтеу, өнерді дамыту, үнемі іздену, жаңашылдыққа, жасампаздыққа зер салу, білім мен ғылымды меңгеруде мәдениетті болу, мәдениеттің жолын білу, қанағатшылдық, әділеттілікті құрметтеу, сақтау, шынайылыққа мән беру. Осы құндылықтар ұлттың қасиетінен шығып отырады, ұрпақтың қасиетіне айналған уақытта ел өркениетке жетеді деген түркі ойшылы. Ойшыл зерделеген құндылықтардың әлеуметтік қызметіне мән беретін болсақ, бұл құндылықтар адамның қасиетімен қоғамда күш алады. Мемлекет пен халықты біріктіретін мемлекет идеясы, мемлекет идеясы құндылықтарын мемлекет адамының құрметтеуі арқылы мемлекеттің тәуелсіздігі нығаяды. Бұны айтып отырған себебіміз, тарихтың қай тұсында болмасын уақыттың қиыншылығына кез болған қоғам мемлекет құндылықтарын құрметтеген санасымен уақыттың қиыншылығынан елін алып шыққан. Мәселен Жапон елі, бұл елдің ерекшелігі өркениетке адамының, халқының елдігімен, еңбекқорлығымен қол жеткізуінде. Жапондардың адамзатқа үлгі болатын қасиеттері аз емес, соның негізгісі уақытты ізденістің, жаңалыққа қол жеткізудің уақытына айналдыру тәртібінде. Жапондардың ұлттық идеясы бойынша елді

сақтайтын тәжірибе, әлемдегі әр халықтың ерекшеліктерімен таныс болу, ерекшеліктің қасиетін білу, білімін алу, екіншісі өзінің дәстүріне, тілі мен діліне, дініне жақын болу, қызмет ету. Бұл да Жапон халқының өркениет жолындағы ұлттық идеясының рухын көрсетеді.

Қазақ елінің ұлттық идеясының да ұрпаққа үйретер білімі, өнегесі, тәжірибелері аз емес. Қазақ халқының ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи феномені жоғарыда аталған мәселелердің барлығын түгелімен қамтиды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өткен жылы халыққа арнаған жолдауында бұл идеяның осыдан 13 ғасыр бұрын өмір сүрген түркілердің абызы Тоныкөк заманынан бастау алатындығын атап көрсеткен болатын: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған[1]. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді» Бүгінгі уақыт кеңістігіндегі ел мүддесінің алдында тұрған қажеттіліктерді заман талабына сай зерделейтін болсақ, мемлекет басшысы ұсынған бүгінгі қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясының мәні ұлттық рухты сақтау, ел бірлігін арттыру, елдің тарихтан қалыптасқан құндылықтарын игеру, мемлекеттің экономикасына күш беретін, елдің мәдениетін әлем кеңістігінде мәңгі сақтайтын деңгейге қол жеткізу мәселелері болып саналады.

Әрбір дамыған ел уақыттың қиыншылығынан мемлекет адамының ұлттық рухымен, ауызбіршілікпен, еңбекқорлығымен, мемлекет мүддесіне адалдығымен, жан-жақты білімі, ғылым арқылы техниканы жасаған қабілетімен шығып отыр. Мемлекет халқын біріктіретін ұлттық идея, ұлт мүшесі әр адам мемлекетін өз үйіндей көрсе, халық ішінен шығатын талант иелері мемлекет тарапынан іріктеліп, өзін мемлекетінің қызметшісіне айналдыра білсе, мемлекет дамудың жаңа деңгейіне қол жеткізеді, уақыттың жаңа басқышына көтеріледі. Қазақстанның стратегиялық саясаты, ұлттық идеясы осы бағытта[2].

Заман талабына сай ел басқарудың жаңа тәсілдерін үйрететін, халықтың рухын көтеріп, мақсатын біріктіріп отыратын, ел экономикасын дамытудың жаңа парадигмаларын қалыптастыруға қазақ ғалымдарын, кәсіпкерлері мен білікті мамандарын бағыттайтын, заңның тегістей қоғамға (мемлекет пен халық мүддесіне) қызмет етуін қадағалауға бағытталған, қоғамдағы рухани құндылықтарды қорғайтын, мемлекет қызметіндегі әрбір маманның алдына ел алдындағы азаматтық парызын жүктейтін ұлттық идея бойында көптеген тәжірибелер жинақталған. Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов «Жан жүйесі» деген мақаласында былай деп жазады: «Өмір бойы еңбек еткен адамның қандай кемелділікке жеткенін сол адамның өмірінен көруге болады. Кемелділікке жету үшін ірі адамдарда келешектегі игілікке зор үміт, өзінің күшіне зор сенім болған. Бір нәрсені іздеп, зерттеп, соңына түскен адам, егер ынтасы, қабілеті, таланты болса, түптің түбінде мақсатына жетпей қоймайды. «Қуат» пен «ниет» серіктесіп, бір жүреді. Бірі болмады - ақ талап босқа кетеді». Шыныменде өркениет биігіне қол жеткізіп отырған мемлекеттер, сол мемлекеттің адамы үшін еңбек пен білімнің қатар қолданылып, қоғамында ғылымның, кәсіптің жоғары бағаланатындығын көреміз.

Мемлекеттің басты байлығы адам, мемлекет ісі адамның рухани байлығына тәуелді. Жастары уақыт талабына сай білім алатын, заманның талабын біліп, саяси деңгейде ойлай алатын мамандарды шығару мемлекеттің кәсібилігін арттырады. Мемлекеттің кәсібилігі заман талабына сай мемлекеттің даму бағытын ілгерілендіретін, мемлекеттің дамуына қызмет ететін билік ережелерін қалыптастыру. Жоғарыда айтып өткеніміздей мемлекетке қызмет ететін, мемлекет билігіндегі адам алдыменен мемлекеттің өмірін жетік білетін тәжірибесі мен білімі мемлекет мүддесінің талабына қызмет ететін деңгейге жеткен адам болуы тиіс. Ел жағдайын, ел тұрмысының негізі жер жағдайын, ел экономикасының өрісі әлем жағдайын зерделейтін, кәсіби білімі мен бейімділігі жетілген маман мемлекет билігінің кәсібилігін арттырады.

Қазіргі таңда қоғамның даму ерекшелігі саяси ойлаудың озық үлгілерімен көрінуде. Жаңа уақыттың қоғамды дамытатын жаңа құралдарын (технология түрлерін) ойлап табатын мемлекеттердің идеологиясы әлемдік экономикада өз билігін құру арқылы үстемдік етіп отырғандығы қазіргі уақыт жағдайынан белгілі болып отыр. Осыған байланысты, қазақша айтқанда өз ісіне берік, мүддесіне ие болатын мемлекеттің қызметі мемлекет өміріндегі елге қызмет ететін адамдардың іскерлік қасиеттерімен көрінуі тиіс. Тарихқа қарасақ дамыған елдердің өмірінде ел болашағын шешетін нәрсе

іскерлік. Іскерлік мемлекет өмірінде жеке адамның өмірлік ұғымына, ұстанымына айналуы тиіс.

Мемлекетті әлсіретіп, халық пен мемлекет арасындағы байланысты жоятын жемқорлық. Себебі жемқорлық жайлаған ортада адами қасиет, адам бойындағы қабілет, білім, тәжірибе бағаланбайды, мемлекетке адал қызмет ететін адамдардың қызмет ету аясы тарылады, іскерлік бағаланбайды. Мемлекет өмірінде тәжірибе, білім, қабілет, іскерлік, ел басқару ісіндегі адалдық қатар бағаланып, талап етіліп отыруы тиіс.

Әлемдегі дамыған мемлекеттердің дамудың биігіне қол жеткізудегі ел ұстанымын, ойлауын, тәсілдерін, кәсібін, ғылымын зерделеуіміз қажет. Тарихқа қарасақ Қытай, Германия, Франция, Жапония елдері мемлекеттің даму стратегиясын ұлттың тарихы мен мәдениетінің философиясын, ғылымын қалыптастырудан бастаған.

Қазақстанның да бұндай деңгейге қол жеткізуіне мүмкіндіктер мол.

Мемлекетіміздің ірге тасы тарихта қаланды, тарихымыз ертеден бастау алады.

Мемлекет тарихы, дәстүрі мен мәдениеті, құндылықтары ұрпақтың рухын сақтайтын дүние, сондықтан тарих пен ұрпақты жалғайтын идеология жүйелі қалыптасуы қажет. Бұл біздің мемлекетімізде жоқ емес, ұлт жоспарында да айтылған.

Сондықтан елбасы ұсынып отырған «Мәңгілік Ел» құндылықтарының тарихтан игеріліп, уақыт талабына сай өрісінің кеңеюіне және оның ел бойына тарап, ұлт болмысының рухани иммунитетіне айналуы ғалымдардан талап етілетін іс.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқының біртұтастығына, қазақ елінің мәдениеті мен рухының өркендеуіне, халықтың елдік рухының нығаюына қатысты идеяларды аз ұсынып жатқан жоқ. Мәдени мұра бағдарламасы, Қазақстан халқының ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» идеясы, мемлекет пен ұрпақ игілігін көздейді.

Елбасының бұл идеяларды ел алдына ұсынуының, ғылыми ортаның алдына қоюының саяси мәні тереңде жатыр. Мемлекет басшысы айтқан ойлар ғылыми ортаның зердесіне айналып, идеяның тарихи феномені ғылым арқылы ашылуы қажет. Бұл қазақ мемлекетінің тарих философиясының қалыптасуына және оның ұлттық идеологиясының тарихпен жалғасуына негіз болатын мәселелер.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол//Ақиқат №2, 2016 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050 стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр»//Ақиқат №4, 2013 ж.

УДК 1(512.122)(091)

Құт негізі - білім философиясы

Ж.М. Жанабаев

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В представленной статье рассматривается понятие «құт» (благополучие) с точки зрения общечеловеческих познаний.

In the present article the concept of "kutt" (well-being) is considered from the point of view of human knowledge.

Ключевы слова: *благополучие, общечеловеческое познание, философия Жүсіп Баласағуни.*

Key words: *welfare, human cognition, philosophy of Zhusip Balasagun.*

Көне түркілік «құт» түсінігінің негізінде таным мен білім иірімдері бар екендігіне ешкім күмән келтірмес. Білім мен таным Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының атауында да, мазмұнында жеткілікті. Оның бірнеше себептері бар деп ұйғарамыз. Біріншіден «құт» табиғаты талдауға түскен еңбек. Екіншіден, «Құтты білік» дастанының негізінде үш ірі философияның көрінісі бар демекпіз. Мүмкін үшеуден артық болуын жоққа шығармаймыз. Себебі, "Құтты білік" әлі де болса

зерттеуде сұранысы бар еңбек. Ендеше, атап өтсек, біріншіден, адамшылық философиясы туралы метафора толық кездеседі. Яғни адам баласының жаратылысы, кісілік қадір-қасиеті, танымы мен іс-әрекеті, білімнің артықшылығы мен надандықтың жағымсыз тұстары баяндалса, екіншіден, саяси философияны аңғаруға болады. Саяси философия немесе ел басқарудың мызғымас қағидалары, ел билеу мен әділеттілік қағидалары қарастырылған, ал үшіншісі діни философия, дәлірек айтқанда мұсылмандық-сопылық бағыттағы философия. Бұл орайда дастан мазмұнында ізгілік, кісілік, игілік, нәпсі, жан, тән, көңіл, шаттық, бақ, бақыт, жалған, рахат, ырыс, несібе, ұят, ар-намыс, шындық, хақ, ақиқат, шындық, қайғы, шүкір, дәулет, әдеп, қайырымдылық т.т.сопылық бағыттағы категориялар кестеленген. Осы үш философияның негізінде ғана құт негізі - білім философиясы деп айта аламыз.

Білім философиясы - адам баласының бұл өмірдегі ең басты миссияларының бірі. Дүние есігін ашқан адамның басты міндеті де сол қараңғылыққа, надандылыққа бөгет болып, соңғы демі таусылғанша білсем, танысам дегені дұрыс жол. Біздің пікірімізше де, "Құтты білік" шығармасына да исламның, оның ішінде сопылық білімнің ықпалының болғанын теріске шығармаймыз. "Құтты білік" - түркілік сеніммен сопылық білімнің үйлесімділігін келтіре білген туынды. Академик Ғарифолла Есімнің мына бір ғылыми позициясын келтірсек: «Жүсіп Баласұғын, өзі түркі жұртының өкілі бола отырып, мұсылмандық идеологияның насихатшысына айналуы тегін емес. Жүсіптің осы кітапты жазудағы мақсаты дінді тарату емес, адамдардың қауымдасып, қоғам болып өмір сүре отырып, әділеттілікке, бақытқа қалай жетулерінің жолдары туралы ой толғамдары екенін түсінеді»[1,131б]. Діншілдікке, ұлтшылдыққа бөліну емес, басты сұрақ қауымдасып, қоғам болып өмір сүру, сол жолда бір жағынан адамшылық ұстанымның биіктігін, екіншіден, қалай бақытты ғұмыр кешу мәселесін айқындау маңыздырақ екенін түсіндіру болды.

Құт адам танымы мен білімінің діңгегі. Адам құтты тануы міндетті. Өз құтын өзі тануы сол адамның өзін-өзі тануы, өз бақытын табуы іспеттес. Өйткені, «құт» негізінде жай ғана қарапайым дүниелер туралы білім емес, мынау әлем, дүние, жер, аспан. Күн, Ай, жұлдыз, адамзат және оларды жаратушы ұлы Алла туралы білім жатыр. Өз кезегінде көне түркілік «құт» түсінігінің мазмұны өте тереңде, сонау адамзат жаратылысының бастауына жетелейтінін аңғартады. Ол жөнінде Әл Ғаззали былай дейді: «Білген жөн, хазіреті хақ тағаланы танымақтың кілті өз жан дүниенді тани білу». Өз жан дүниенді тану деген Алланы тану. Өйткені, адамды жаратқан Алла екендігіне ешқандай күмән жоқ. «Хақ тағаланы танығайсың. Оның көрікті жамалын танымаққа жол тапқайсың... жаман қасиеттерді жөнге салып, өзіңе тұтқын етіп бағындырып ала алсаң, ол дастархандай сенің алдында болар. Бұл сипаттарды өзіңе мойын ұсындырып пайдаланғайсың. Қанша күн бұл ғаламның қонақжайында болсаң, бұл сипаттарды қызметіңе жегіп, бұлардың жәрдемі арқылы алға қойған мұрат-мақсат, бақыт ұрығын қолыңа келтіре біл. Уақтылы сәтімен мақсатыңа жетіп, бақыт ұрығын қолыңа келтірсең, жаман қасиеттерді аяғыңның астына салып, ол бақытыңды баянды етпейсің... Міне, осылардың бәрінің мән-мағынасын толық білгенде ғана өзінді өзің таныған боларсың»[2,15б]. Құттың кілті - кісінің ділі, тілі, қылығын бірдей қамтыған жан - жақты жетілуі мен кемелденуі. Толық адам - өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол кісілікке жат қасиеттен әбден арылып, тазарған, ішкі рухани дүниесі, ділі, діни ағарып, періштелікке бет алған адам[3,16б]. Адамның жаратылысына сай кемелденуі екі бағытта көрінеді. Әл-Фараби оның алғашқысын таным, екіншісін ізгілік пен қайырымдылық деп, кісілік кемелділікті жан жетілуі түрінде танытады: "...дене жан үшін (өмір сүреді), ал жан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді, демек, жан даналылық пен қайырымдылық үшін (өмір сүреді)" [4,28б]. Бұдан біздің түсініміз Әл -Фараби үшін бақыт, құт адам жанының жетілуі. Адамның жанының жетілуі процесі ізгілік пен қайырымдылық жолындағы таным түрінде танылатын кісілік, кемелділік.

Күлтегінің үлкен жазуында: «Биікте Көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» - деген сөз жолдары кездеседі. Жаратылыстың негізгі заңдылығын баяндай отыра, адам баласының жаратылысына дейін аспанда Көк тәңірі, кейін жер - ана жаратылған. Содан кейін барып, адам баласы жаратылған. Көк аспан мен қара жер аралығы ғана адам баласының құтты мекені. Басқа бір жерде адам баласы мекен ете алмайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты

білігінде» мындай сөз жолдары кездеседі: «Әзірлеген жер, көк, жұрттың иесі» - деген. Иелік етуші бір Алла адам баласын жаратпас бұрын жерді, көкті адамзатқа дейін жаратып, алдын ала дайындап қойғандай. Көк аспан мен қара жер адам үшін ғана Алламен жаратылған дүние секілді. Бір ғана жаратушы Алла адамды көк аспан мен қара жердің құты етіп жаратқан. Адам баласыз көк пен жер қаңырадай бос қалған орта тәріздесе елестетуге болады. Көк аспан да, қара жерде мәңгі өмір сүреді. Бұл екі ортада адам ғана уақытша өмір кешеді. Адам бұл дүниеге қонақ. Қонақтықтың мерзімі бес-ақ күн. Сосын болар, дана қазақ бұл дүниеге адам баласын құтты қонақ деп таныған. Мынадай нақыл, тамаша сөз бар. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табар, құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабар» деген. Құтты қонақ пен қойдың егіз табуын аллегориялық әдіс арқылы әлемдік өнімділік мен көбею заңдылығын меңзеп отырғандай. Адам ата мен Хауа ананың ұрпағы да осы бүгінгі адамзат емес пе? «Ниса» сүресінде «Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайы (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен ер, әйелді таратқан» делінеді. Құран Кәрімде де «үйленіңдер, көбейіңдер, қиямет күні мен сендердің көптігіңмен мақтанайын» - деген асыл сөздер бар. Ері мен әйелі құтты сырттан емес, бір-бірінен іздеулері тиіс. Өйткені, әйелдің құты - ерінде. Екеуі екі жарты, бір бүтін болғанда ғана, толықтыққа, тұтастыққа ие болады.

Алла адамды жаратқанда бірдей тепе-тең етіп жаратқан. Бұл тепе-теңдік исламдағы мызғымас заңдылық. Барлық адамға бірдей етіп жан мен тән, ақыл мен жүрек берді. Ендігі кезекте көк пен жер арасындағы үдерістерге адамның өзі ғана жауапты. Ал сол ақыл мен жүректі тепе-тең ұстаған жан ғана осы екі ортада құтты қонақ бола алады. Дүние есігін ашқан әрбір адам баласы бұл дүниеге құтты қонақ болуы тиіс. Құтты қонақ болуды ойлайды, армандайды, іс-әрекет қылады. Дегенмен, сол құттылықтың құпиясы неде? Кілтті неде? Әрине, Түрік ойшылары (Әл-Ғазали, Ж.Баласұғын, М. Қашқари, Абай) құттың кілті- кісілікте, ізгілік пен әдептілікте, әділдік пен қайырымдылықта деп көрсетеді.

Жүсіп Баласұғынның «Құтадғу білігі» адамшылық, саяси, діни философиялық білімдерді тереңнен түсіндіргісі келеді. Кітаптың мазмұнын игерген адамға кітап ұлылық танытады. Надандар үшін бұл кітаптың мазмұны ауыр болуы мүмкін. Жазу тілі де ауыр. Дастанда ол жөнінде де атап өтеді. «Кітап сөзі қолдан демеп, көзді ашар, екі дүние ісін бірдей оңдасар...», «Білімсіздер қасиетін біле алмас, ақылдылар оқып, көз алмас», «Әзіз кітап-бұл ұлылықтың негізі». Хас Хажыб адам баласы көк аспан мен қара жер ортасына орналасқанданда нені білуі қажет, не істеуі керек, неге үміттенуі дұрыс? Мұндай идеялар кейін неміс философы И.Канттың антропологиясында да айтылады. Хас хажыб осы үш сұрақтың негізінде адам дегеніміз не?- деген сұраққа жетелейді. Антропоцентристік сұрақтар айқындалады. Жүсіп Баласағұн затың адам, атың адам болған соң, қасиетіне лайық бол, діліңе дақ түспесің, адал бол, адам бол деп жар салудан ақын жалыққан емес. Адамның өзі адамдық, кісілік қасиетінсіз қаңырап бол қалады. Оның адам атанып жүруі де қасиетін танытар адамгершілігінің бар кезінде ғана болатын жағдай. Әр нәрсеге де тірлігіне тірек, қасиетіне негіз болар мән қажет.

Алла адамға адамшылық қасиеттерді үйіп-төгіп бергендей. Дастанның мазмұнынан үзінді келтіре кетейік.

Адамды хақ жаратты да ескерді:
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.
Көңіл берді әрі тілін тербетті,
Ұят берді, берді құлық, келбетті.

Осы қасиеттер арқылы адам тіршілік иелерінің ішінде ерекше қадірге ие болып отыр. Адам ақылы бұл жаратылыстың көптеген түйіндерін шешеді. Бұл қадір-қасиеттер құттылыққа негіз болып отырған кісілікте. Түркі кісісі ақыл мен жүректі тең ұстап, біліммен өнерді игере білген, ұятына құлқы сай кісі болуы тиіс. Осы қасиеттер арқылы түркі кісісі өзінің бойындағы ақыл дегеніміз не? Көңіл дегеніміз не? Ұят дегеніміз не? Құлық дегеніміз не? деген алуан түрлі сұрақтарға білім арқылы жауап іздей алады. Сайып келгенде бұл сұрақтарға жүйелі жауап адам туралы білімді жетілдіруге себеп болатыны анық.

Жүсіп Баласұғынның «Құтадғу білік» дастанының алғашқы сөз әлібі Алладан басталады. Жаратылыс «әлди» Алладан басталғаны абзал.

Алла жаратқан адам қандай болмақ? Жақсылық бар, жамандық бар. Ізгілік бар, қателік бар. Қайсы жолмен жүрмек адам? Бұл жолды біліммен, ақылмен қаруланған адам ғана игермек.

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:
Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.
Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен-текке өледі.

Жүсіптің бұл ойы білімнің мәнін біл! Білімді білсең ғана ізгілік жолын таңдайсың. Жақсылық жолын қуасың. Білімсіздер, яғни надандар қиыншылық, азаптың жолын көреді. Өйткені, олар үшін дүние азаптан ғана тұратын тәрізді болып көрінеді. Дегенмен Жүсіп Баласұғын білімсіз кісі өзінің надандығынан құтыла алады. Наданның емі-бұл білім.

Кел, ай, надан! Дертке дауа жасағын:
Надан білім алса, құты тасады.

Надан кісі де ол дерттен айыға алады. Айығу жолы - білімділік жолы. Надан кісі өзіне, менде неге құт жоқ, маған құт қашан келеді? деген сұрақ қоятын болса, жауабын білімнен ғана таба алады деп айтуға болады. Жүсіп Баласұғынның ғұламалық дастанының келбетіне үңілсек былай кестелген:

Білімді - аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз - көп, ақылдыны таптаған.
Білімсіздер білімдіге жау болды,
Надандардың аңсағаны дау болды.
Біліксіздер өзі нағыз басырдың,
Білім үйрен, надан, көзің ашылсын!

Құтты кісі несімен құтты? - деген сауалға қайта оралайық. Ол біріншіден, Хас Хажыб тілден деп көрсетеді. Адамды қадірлі ететін де, қор қылатын да, бағын жандандырып, қорлыққа күйдіретін де - тіл. Тілдің пайдасы да, зияны да жеткілікті. Пайдасын алып, зиянынан басын аулақ ұстайтын адам - білімді адам. Надан адам оның керісінше зиянына жақын болып, басына қауіп төндіреді. Ол жөнінде Хас Хажыб былай дейді:

«Тілімнен көп жафа шектім, есебім.
Бас кесілмес үшін тілді кесемін!
Сөзіңді бақ, басын кесіп алмасын,
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын!»

Ақылды, білгір адам сөздің маржанын біліп, сөз балының дәмін біліп, түйіндеп сөйлейді. Надан адам мылжың сөзге, ұсақ-түйікке жақын болады. Білімділік неден көрініс табады десек, ол әрине, тіл мен тіл үндейтін сөзден көрініс табады. Ол жөнінде ғалымның көптеген асыл сөздерін атап өтсек, «Білімдінің сөзін жиған жөн болар», «Білімдінің сөзі жауған нұрмен тең», «Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас». Бұл арқылы ойшыл тіл мен сөз құдіретімен қасиетін алға жетелей отыра, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға орасан зор үлес қосты. Тіл қадірі жөнінде де Әл-Ғазали әдептіліктің басы - тіл деп бастады. Алла адамға сөз өрнектеуге, ішкі ой толғанысын білдіруге, ең бастысы қарым-қатынас жасап, адамнан адамзат деңгейіне жетуге осы тілді берді. Бірақ адам баласы осы тілдің жаманын, кесепатын тастап, жақсысын алғаны абзал. «Керісінше, тіл дұрыс сөйлесе діл тектеліп, ақиқатты айтса раушан болар; Егер жалған айтса, көңіл ділі көр болар. Білген жақсы, сөз апаты есепсіз көп, одан сақтана білу қажет». Пайғамбарымыздың өзі бірде «Бақытты деп сөздің сарасын сақтап, малдың сарасын беретін, яғни әмиянын ашып, аузын жауып, тілін байлай білетін адамды айтамыз» деген екен. [5, 86].

Екіншіден, құтты кісі білімі – ізгіліктігімен құтты. Алла адамды ізгілікпен жаратқан. Ізгілік Алланың адамға берген ең бір қайтарымыз сыйы. Ізгілік дегеніміз олжа. Әй, кісі тірлігіңді олжа қыл! - деген асыл сөз жолдары дастан мазмұнында кездеседі. Осы ізгілік идеясы білім философиясынан туындайды. Білімді ғана ізгіліктің мәнін түсіне алады, ізгілікті жасай алады. Шынымен де, ізгілікпен жаратылған адам үшін асыл қазына - білім. Білімнен артық ештеңе жоқ шығар. Адамға «надан» десе, ол адамның өлгені. «Білімнен әзіз не бар дейсің жаһанда», «Білімсіз, надан! десе, қорлық адамға» - деген тамаша сөз соның бір куәсі. Тағы бір тарауда «Білімсізге төрден орын болса, көр», «Төр-босаға, ал босаға болды төр!» деп көрсетеді. Адамға «сен надансың» деп айтудың өзі ізгілікті емес. Надан деп айтқан адамның өзінде адамшылықтың сәулесінің жоқтығын аңғартады.

Ел басқару тізгінін қолына ұстаған адам өзі төрде отырып, надан, білімсіз, құтсыз болса, әрине төр не, босаға не бірдей болғаны. Мұндай елдің халқы ізгіліктен жұрдай деуге болады. Ізгіліктің жауы адамның бойындағы ашу-ыза, қызбалық, нашақорлық, зымияндық. Бұл жаман қылықтарға бой алдыртқан адамды қалай білімді деп айта аламыз.

Адамды қор қылатын, құттылығының дұшпаны үш нәрсе. Біріншісі, өз тілі, екіншісі, тіл сөйлеген сөзі, және соңғысы - шарапқа деген жақындық. Осы үшеуіне бой алдыртпаған адам Алла берген ақыл мен білімнің арқасында өз бойын аулақ ұстап, ізгілік қылып, адамшылықтың шыңына жетеді. Дастанда Күнтуды Еліктің өзі былай дейді: «Ақыл қолдар, ал білімнен құт туар». Ақылды адам білімнің шыңына жетеді. Ақыл білімнің мүмкіншілігін артырады.

Күнтуды Елік – ақылды, білімді, жан-жағын көріп баққан, құт қонған, құттылыққа нағыз тән тұлға. Ол мінез-құлыққа бай, жан-дүниесі мәрт, көзі қарақты, сөзі шын, көңілі кең, бегі білікті, ойы ұшқыр, ғаділ, жаманға-өрт, жауына тәжал, мейірімі мол, асқан ер деп мінездеуге болады. Дастанда былай дейді:

«Бек қанша өссе, бас ауруы молаяр,
Бас қанша өссе, киер бөркі зораяр».

Көне түркілерде ер адамның басындағы бөркінің рөлі жоғары болған. Бөріктің аяқ асты қалуы ер адам үшін одан артық дәреженің төмендеуі жоқ. Ер адам киіп келген бөркін жоғарыға іліп қоятын болған. Ел басқарып, билік тізгінін қолына ұстаған патшалардың дәрежелері өскен сайын бөріктері де үлкейіп отырған. Бөрік биік патшалар, ел басқарушылар қызметтері ел мүддесіне сәйкес келулері тиіс. Елді басқарушыға бірден бір талап ол әділдік, білімділік пен белсенділік, сергектік пен сақтылық. Осы сапалар арқылы ел басқарушы елді, халықты тәртіпке шақырады. Ондай ел басқарушыға да, елге де, халыққа да құт қонады деп есептеген.

«Ел басқарсаң, сергек, сақ жүр түсініп:
*Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова.
г. Актобе, Казахстан*

Мақала білім беру жүйесіндегі инновациялық қызметті басқару процесіне арналған.
The article is devoted to the process of innovative activity management in the education system.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық қызмет, білім жүйесі.

Key words: innovation, innovation activity, education system.

Объективными предпосылками к рассмотрению процесса управления инновационной деятельностью стали происходящие в стране преобразования, требующие модернизации системы образования. Под управлением инновационной деятельности следует понимать определенным образом организованное взаимодействие управляющих и управляемых систем, направленное на оптимизацию и гуманизацию образовательного процесса, на повышение результата образования, воспитания и развития учащихся путем введения нового в цели, содержание и организацию осуществляемой школой работы [1.15].

Термин «менеджмент» произошло от латинского слова «ману» - рука. По этому поводу американцы довольно часто говорят: «Управлять значит делать работу чужими руками». Перевод управления с монологического на диалогическое общение. Иными словами - переход от коммуникации, передачи информации к общению. Управленческий процесс эффективен, когда он соответствует логике реального процесса развития, когда решения субъекта управления оперативны и адекватны решаемой проблеме, когда руководители образовательного учреждения, принимая решения, обладают способностями оценить ситуацию, прогнозировать, управлять рисками. Если попытаться установить соотношение понятий «управление» и «менеджмент», становится очевидным, что первое шире второго, что менеджмент выступает одной из моделей управления.

Это методологически существенный факт, так как в большинстве справочных источников менеджмент зачастую отождествляют с управлением. В теории «научного управления» Ф. Тейлора утверждалось, что эффективность его зависит от опоры на определенные законы, правила, четыре «великих основных принципа»: Выработка истинных научных основ производства (анализ трудового коллектива, расчленение на отдельные операции, выбор лучшего способа для выполнения этой операции, оплата по результатам труда, штраф за непродуктивный труд).

1. Научный подбор исполнителей. 2. Научное обучение и тренировка. 3. Связь между исполнителями и администрацией.

Основоположник менеджмента Анри Файоль считал: «Управлять - значит, вести предприятие к цели, извлекая максимум возможности из имеющихся ресурсов». При введении менеджмента как метода управления в школе должен быть реализован комплекс соответствующих принципов управления:

1. Уважение к человеку и доверие к нему.

2. Принцип целостного взгляда на человека (в первую очередь, на ученика) как на личность.

3. Принцип сотрудничества, т.е. перевод управления с монологического на диалогическое общение.

4. Принцип социальной справедливости.

5. Принцип индивидуального подхода к учителю.
6. Принцип обогащения работы учителя
7. Принцип личного стимулирования.
8. Принцип перманентного повышения квалификации.
9. Принцип коллективного принятия решения на основе консенсуса.
10. Принцип участия учителей в управлении школой.
11. Принцип целевой гармонизации.
12. Принцип реализации горизонтальных связей.
13. Принцип обновления и развития.

Принципы управления - это значит, что менеджер обязан учитывать индивидуальные особенности каждого учителя, уровень его подготовки, социальную среду его проживания и т.п. Здесь уже проявляется конкретизация управления. Менеджер видит в этой ситуации предел возможностей конкретного учителя, а значит предел требовательности к нему. Ведь нельзя от человека требовать того, чего он не в состоянии сделать. Может возникнуть вопрос: «А где же тогда равенство в коллективе?» Равенство, в данном случае заключается в учете неравенства. Без этого не может быть и демократии. суть этого принципа заключается в стремлении разнообразить работу учителя, пробудить и поддерживать в нем профессиональный интерес к своему труду, вселить уверенность в действиях. Для этого следует определять перспективу профессионального роста каждого учителя, дать возможность посещать уроки в других школах, участвовать в семинарах, круглых столах, симпозиумах, конференциях[2.68].

Золотые правила менеджера (Д.Карнеги):

Начинайте с похвалы и искреннего признания достоинства собеседника.

Указывайте на ошибки других не прямо, а косвенно. Прямая критика бесполезна, т.к. она заставляет обороняться.

Сначала говорите о собственных ошибках, а потом критикуйте собеседника.

Задавайте собеседнику вопросы вместо того, чтобы ему что-то приказывать

Давайте людям возможность спасти свой престиж.

Будьте щедры на похвалы.

Создавайте людям хорошую репутацию, которую они будут стремиться сохранить и оправдать.

Поощряйте. Создавайте впечатление, что ошибки легко исправить, делайте так, чтобы все, на что вы побуждаете людей, казалось им нетрудным.

Добивайтесь, чтобы людям приятно было делать то, что вы хотите поручить.

Давайте людям возможность сохранять свое лицо.

Обязательным условием менеджмента является успех. Надежда на успех - самая большая движущая сила развития при применении менеджмента как метода управления. Успех неизбежно приводит к новому успеху. Но не сам по себе. Главное здесь - умение менеджера создать для каждого работника ситуацию успеха. Заметим, что и ребенку нужно создавать ситуации, условия для успеха. Иными словами, сам успех - это результат создания определенной ситуации для успеха[2.95].

Управление в инновационном менеджменте осуществляется с помощью различных методов. Наиболее эффективными, на наш взгляд, являются следующие: методы создания(формирования) эффективно работающих, творческих, исследовательских групп, эффективной системы коммуникаций; методы мотивации (стимулирование, создание креативного поля, мотивирующий контроль); методы созидания условий для профессионального роста членов педколлектива; методы регулирования социально-психологического климата в коллективе, формирование готовности к инновационной деятельности в процессе внутришкольного обучения, интегрирующие усилия субъектов инновационного процесса в достижении целей развития школы[3.106].

Таким образом можно сделать вывод, что эффективно организационное управление инновационной деятельностью ведет не только к позитивным изменениям образовательного учреждения, но и к реформированию системы образования в современных инновационных условиях.

Литература

- 1.Сидоров В.С. Инновация в сельской школе:теория и практика управления. Монография /В.С.Сидоров.- Шадринск, 2014

2. Шамова Т.И., Третьяков П.И., Капустин Н.П. Управления образовательными системами: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений.-М.: Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС».- 2008.

3. Трещев А.М., Расторгуева И.М. Процесс управления инновационной деятельностью.- Астархань, 2011.

ӘОЖ 57:378.147

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ ТӘСІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ

З.У. Адильшинова, Ф.М. Ибраева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Шалқар қаласы, №8 жалпы орта білім беретін мектеп

Ақтөбе облысы, Қазақстан

В статье авторы рассматривают важность диалогового обучения на уроках биологии. In the article the authors consider the importance of dialog learning in biology lessons.

Ключевые слова: *биология, уроки биологии, диалоговое обучение.*

Keywords: *biology, biology lesson, interactive learning.*

"Мұғалім - рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педогогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып дамыту үшін жауапты " - деді елбасымыз Н.Ә. Назарбаев. Сонымен қатар елбасымыз өзінің Қазақстан халқына жолдауында дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін, білім сапасы жоғары болуы керек екендігін атап айтты. Ал оқушыларға сапалы білім беру үшін мектептердің материалдық техникалық базасының толық қамтылуымен қатар, ұстаздардың да біліктілігі жоғары деңгейде болуы керек [1, 41]. Қазіргі таңда елімізде оқушыларға сапалы білім беру мақсатында бір қатар ауқымды іш-шаралар ұйымдастырылуда. Әрине ауыл мектептерінде оқытылатын оқушылармен салыстырғанда, қала мектептерінде оқитын оқушылардың мүмкіндіктері өте көп. Көптеген ауыл мектептерінде арнайы жабдықталған пән кабинеттерінің (физика, химия, биология, информатика) болмауы, жоғары жылдамдықтағы ғаламтор желілердің болмауы көп жағдайда ұстаздар үшін де, оқушылар үшін де оқу үрдісінде кері әсерін тигізіп жатады. Бірақ біз мұғалімдер мұндай кедергілерге қарамастан, оқушыларға жан - жақты білім беруге, үнемі жаңашыл ұстаз болуға бар күшімізді салудамыз. Бұл орайда ұстаздарға біліктілік арттыру курстары көп көмегін тигізуде. Үш айлық деңгейлік курстардан өткен ұстаздар оқытудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, білім беруде жаңа әдіс-тәсілдер қолданып, оқу үрдісіне жаңа серпін әкелгендей. Оқыту - оқу үрдісіндегі оқушылардың қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айтылған.

Деңгейлік курс нәтижесінде оқу үрдісінде оқушыларға қалай оқу керектігін үйретудің маңызды екенін түсіндік. Бұл үрдісте мұғалім оқушыларға білім міндетін қоятын талаптарды түсінуге, стратегияларды ойластыруға, нақты міндеттер үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі. Оқытудағы Кембридж тәсілі сындарлы оқытуға негізделген [2, 29].

Сындарлы оқыту - оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамытуға, алған білімдерін сыныптан тыс жерде тиімді қолдана білуге негізделген. Осы курсты меңгеру барысында берілген жеті модульдің барлығының оқу үрдісі үшін өзіндік маңызы бар екеніне көз жеткізген болатынымын.

Ақпараттық - коммуникативтік технологияларды тиімді қолдану - оқушылардың білім алуында аудио - визуалды, көрсетілім арқылы ғылыми ұғымдарды жеңіл түсініп, қабылдауға мүмкіндік береді.

Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың сыни көзқарастары қалыптасады. Сын тұрғыдан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесу, талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу [3, 52].

Сонымен қатар қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.

Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сабақтарымнан бір мысал келтіргенді жөн көріп отырмын. 6 сыныптың оқулығында "Тіршіліктің жасушасыз құрылымы - вирустар" тақырыбына "ассосацио" әдісін қолдана отырып, оқушыларды сыни ойлатуға болады.

- Оқушылар вирус дегеніміз не?
- вирус қандай мағынаны білдіреді?
- вирус сөзі айтылғанда ойымызға бірінші не елестейді?
- неге жасушасыз құрылым болып табылады вирус?

Осы секілді сұрақтарды қою арқылы оқушыларды сыни ойлатуға болады. Сонымен бірге деңгейлік бағдарламаның келесі модулі - бағалау. Бағалауды меңгеру арқылы оқушылар өзінің және сыныптасын әділ бағалай білуге үйренеді. Кембриджтік тәсілді өз тәжірибемде қолдану барысында сыныптаға диалогтық тәсілді түрлі тапсырмалар түрінде (атап айтқанда топтық жұмыстар, жұптық талқылаулар, "Жуан және жіңішке сұрақтар", "Біреуі үйде, үшеуі қонақта", "Биологиялық домино", "Лездемелік сұрақтар" т.б.) ұйымдастыру арқылы, оқушыларды оқыту үшін маңызы зор екеніне көз жеткіздім.

Диалог барысында оқушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш - жігерін жұмсайтын және сипаттағандай, білімді бірлесіп алуға немесе "пікір алмасу" барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады. Мысалы, биология сабағында "Ауру туғызатын бактериялардың түрлері және олармен күресу шаралары" тақырыбы барысында оқушылар бір - бірімен зерттеушілік әңгіме, әңгіме -дебат, таптық әңгіме арқылы диалогқа түседі. Сонымен бірге, туберкулез ауруы қалай жұғады?

туберкулезбен күресу шаралары қандай? Оқушылар қандай гигиеналық талаптарды орындау қажет? осы секілді сұрақтарға жауап іздеу арқылы зерттеушілік әңгіме жүзеге асырады. 7сыныпқа "Бауыраяқты ұлулар" тақырыбын өту барысында үй тапсырмасы негізінде "Ыстық орындық" әдісін қолдандым. Бұл әдіс барысында сыныпта сұрақ қоюдың үлгісі ретінде "бастама -жауап- кейінгі әрекет" нысаны бойынша оқушылар бір -бірімен диалогқа түсті. Мысалға:

Бастама (мұғалім): Бауыраяқты ұлуларға ұндай ұлулар жатады?

Жауап (оқушы): жүзім ұлуы, жалаңаш шырыш, тоған ұлуы және т.б.

Кейінгі әрекет (мұғалім): дұрыс. осы секілді сұрақтар беріледі.Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Биология сабақтарында "биологиялық диктант", "графикалық диктант", "семантикалық карта", "мені табыңыз", тест тарсырмалары арқылы оқушылар жұптық, топтық талқыға түсе отырып орындай алады.

Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Биология пәні ауызша сабақ болғандықтан, "сұрақ -жауап" әдісі, "джигсо", үш қадам сұхбат" т.б. әдістер кеңінен қолданылады. Өз сабағымның барысында оқушылармен диалогқа көбірек түсуге тырысамын. Себебі оқушылар өз ойын ашық айтуға, бір - бірлеріне сұрақ қоя білуге, тақырып мазмұнын еркін түрде басқаларға жеткізуіне жағдай жасаймын. Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, оқушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында болады.

Көптеген сыныптарда оқушылардың әңгімеге қатысуға құқықтары шамалы.

Мәселен, мұғалімге: "Бұл көзқарас қызықты екен" деп айтуға көптеген оқушылардың

дәттері бармайды. Зерттеуде тоқталғандай, мұғалім сұқбаты бақылап, маңызды сұрақтар қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі оқушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамытпайды.

Сондықтанда мұғалім мүмкіндігінше оқушы мен көбірек диалогқа түсе отырып, биологиялық түрлі тапсырмаларды беру арқылы тапсырмалар беру арқылы біріншіден, сынып оқушыларының барлығы сабаққа қатысуға мүмкіндік алады. Екіншіден, үлгерімі нашар оқушыларды оқуға тартуға мүмкіндік көп. Үшіншіден, түрлі топтық жұмыстар арқылы оқушылар топта өзара ой бөлісуге, пікір алмасуға, тақырыпты өз беттерінше иеңгеруге мүмкіндік алады.

Қорыта келе, оқушылардың білетіндігін және білмейтіндігін анықтау үшін жақсы дамыған коммуникативтік дағдылар және түсіністікпен қарау талап етіледі.

Оқушылар қысқа ғана жауап беретін мұғалімнің сұрағымен салыстырғанда диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушыларда білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәнінде тиімді түрі болып табылады. Оқыту - баланың психикасының дамуы мен ойлау, есте сақтау, зейін қою мен және басқа да қабілеттерінің дамуының қозғаушы күші [4]. Оқыту - баланы дамуға жетелейді, әрі үздіксіз жетілдіреді. Мұны іске асыратын тұлға - мұғалім. "Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырса ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі жойылады." - деп К.Ушинский айтқандай [5,31] ұстаздар үнемі білімі мен біліктілігін әрдайым жетілдіріп отыруға міндетті.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. - Алматы, 2013 жыл
2. Кембридж бағдарламасын оқыту негізіндегі біліктілікті арттыру курсының үлестірме материалдары. - Астана, 2015 ж.
3. Имжарова У. «Сын тұрғысынан ойлау білім үрдісінде». - Алматы, 2010 ж.
4. Биология анықтамалығы. Бас редакторы: Отарғалиева Назгүл Оралғалиқызы. - Алматы, 2015 ж.
5. Биология және салауаттылық негізі. - Алматы, 2016 ж.

UDC 372.854:372.881.1

NEW APPROACHES TO TEACHING CHEMISTRY CONTENT THROUGH ENGLISH

**A.K. AIZHARIKOVA, A.A. AGISHEVA,
K.K. ALMURATOVA, B.K. ZHAPPAROVA**

*Aktobe Regional State University named by K. Zhubanov
Aktobe, Kazakhstan*

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде химия және информатика оқытушыларына арналған «Ағылшын тілін оқытушыларға жеделдетіп оқыту» біліктілікті арттыру курсы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ұйымдастырды. Ағылшын тілі оқытушылары CLIL (пән-тілді интеграциялап оқыту) әдістемесі мен практикалық оқыту стратегиясын пайдаланды. Курсы повышения квалификации для преподавателей химии и информатики «Интенсивное обучение английскому языку преподавателей» в Карагандинском государственном университете имени Е.А. Букетова были организованы министерством образования и науки Республики Казахстан. Преподаватели английского языка использовали методологию и практические стратегии обучения CLIL (предметно-языкового интегрированного обучения).

Кілт сөздер: *CLIL технологиясы, екі тілде (үш тілде) оқыту, 4С-құрамдас.*

Ключевые слова: *технология CLIL, двуязычное (трехязычное) образование, компоненты 4С.*

From the 2nd November till the 20th December 2016 the Training course for teachers of Chemistry and Informatics "Intensive English training of teachers" was held at the


Karaganda State University named by E. A. Buketov. The course was organized by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. The main purpose was the arranging deep learning of the English language of teachers using English as the language of instruction, and this course became a platform for mutual exchange of ideas between university teachers, which have already used English for teaching. The English language teachers made use of various methodologies and practical teaching strategies through which subject teachers can achieve understanding of the subject when teaching in English (picture 1). As subject teachers we have learnt more about the benefits of CLIL methodology and its role in professional development.

CLIL is an acronym. Each of us work within the area of Content and Language Integrated Learning (CLIL), if

- we teach English as a Medium of Instruction;
- we teach Language Across the Curriculum;
- we teach Content-based Instruction;
- we work in Bilingual (Trilingual) Education;
- we are a subject teacher working through the medium of a foreign language.

CLIL has a dual focus. The next one offers a more detailed description: “CLIL refers to situations where subjects, or parts of subjects, are taught through a foreign language with dual-focused aims, namely the learning of content, and the simultaneous learning of a foreign language” [1]. This quote is useful because it highlights some of the educational intention inherent to the CLIL paradigm. Through CLIL-type practice, one learns (subject) content whilst at the same time learning a foreign language (picture 2).

The RK pupils, by the time they leave compulsory schooling, should be able to speak two languages other than the mother tongue. According this view CLIL is “an approach to bilingual education in which both curriculum content (such as science) and English are taught together. It differs from simple English-medium education in that the learner is not necessarily expected to have the English proficiency required to cope with the subject before beginning study” [2]. A powerful element of CLIL is its role in the improvement of language skills (picture 3), and that pupils do not necessarily need a particularly high level of foreign language attainment to do their “CLIL-ing”.



Picture 1. Design of Graphic Organizers is used to systematize concepts

The teachers would have to adjust their methodology to ensure that the students understood the content.

- Teachers would not be able to simply “transmit” the content, assuming that their audience understood. They would have to think of other means (group work, tasks, etc) which would result in an increase of the skill-based focus of the learning (picture 4).
- The educational materials (textbooks) would also have to reflect this approach.
- The pupils would be learning language that was more clearly focused on, and related to, the subject matter that they needed to learn.
- CLIL is not confined to higher-achieving students. It is not an approach for the elite. It fits in perfectly with a mixed-ability philosophy.

Plan of presentation


- **Introduction.** General characteristics of the lithium-ion cells
- **Content.**
- 1. Comparison of different types of rechargeable batteries
- 2. Worldwide sales of lithium-ion batteries
- 3. Structure of LIBs
- 4. Disadvantages of LIBs
- 5. Lithium-polymer batteries - the new kind of LIBs
- **Conclusion.**
- Development prospects of LIBs

2 Classical Waves

2.2 Wave Phenomena


Interference: The superposition ('adding up') of two wave that spatially coincide.

Waves pass through each other unchanged but affect each other at the point where they meet.



Diffraction: The bending, spreading and interference of waves when they pass an obstacle or move through a gap.

The 'shape' of the resulting wave can tell us a lot about the shape and size of the obstacle or gap.



Picture 2. The simultaneous learning of foreign language and subject content

Ensuring that students understand the content, reducing teacher-talk, increasing the focus on skills, influencing publishers to do likewise and getting students to learn language items that are always contextualised, always functionally necessary in the classroom - sound good at any level of curricular discourse. CLIL requires students to speak and write, regarding concepts that are often beyond their linguistic range. It is this attempt to express oneself that is the key to language development in CLIL (picture 5).



Picture 3. The improvement of language skills

In CLIL, there appear to be four basic types of activity that can help students to prosper, despite their relative lack of linguistic resources. These types are applicable to primary, secondary and post-compulsory education.

1. Activities to enhance peer communication (assimilate conceptual content + communicative competence).
2. Activities to help develop reading strategies (where texts, often authentic, are conceptually and linguistically dense).
3. Activities to guide student production (oral and written) (focus on the planning of production).
4. Activities to engage higher cognitive skills (make students think - offer more opportunities for employing a range of operations).

Two approaches are often referred to as "strong" (content-driven) and "weak" (language-driven). No qualitative distinction is intended, and the two approaches are also sometimes labelled under "hard" and "soft". The content-driven approach means that the subject content is given primary focus. A language-driven approach would envisage foreign language classes (for example) using more content than is typical of such programmes, or using didactic units, which made greater use of subject-based content. Nevertheless, the language-driven approach has as its basic objective *language learning*, whereas the former has *subject* concepts and skills as its learning objective (picture 6).




Picture 4. Different means result in an increase of the skill-based focus of the learning

The teachers would have to adjust their methodology to ensure that the students understood the content. That adjustment almost always entails a reduction in teacher-talk. A reduction in teacher-talk often produces an increase in student talk. These adjustments gradually find their way into the materials. These materials are by default more task-based, and therefore more learner-centred. These materials focus more clearly on the role that language plays in the students' assimilation of the concepts. If the above things happen, content teachers begin to think about language, and language teachers begin to think about content. It's what the famous CLIL slogan means: Using languages to learn, and learning to use languages (picture 7). It's a powerful equation, because it also brings school departments together, and it often results in a potent exchange of skills.



Picture 5. Attempts to express oneself are the key to language development in CLIL

Let's conclude by looking at the really powerful three-way combination of elements that CLIL enables. This "trinity" is based on three classroom considerations: Concepts - Procedures (skills) – Language. All the three crucial elements of education are working in harmony. The content (conceptual) is learned through a procedure (skills) which requires a certain type of framework (language).



Picture 6. Relation of the content-driven approach and the language-driven approach

We are constantly being told that the future of education resides in a new emphasis on skills. Subject teachers, on the other hand, are trained to do exactly the opposite. For them, no part of their syllabus content is either throwaway or disposable. A teacher of Chemistry will teach the concept of oxidation - reduction using all the content and procedure that is required


to make that concept understood. What this teacher might not have considered are the language elements.

Let's consider the following task. Fill 2 large beakers with hot tap water. Fill the beakers to half full. Place them on a flat surface a few cm apart. Handle the thermometers carefully. Read the temperatures then _____ them on a chart like this.

Conclusion

- reactions: galvanic and electrolytic
- reversible cell - rechargeable battery
- cell: separation of half-cells
- cell: salt bridge
- the negative anode, the positive cathode
- cell diagrams
- standard electrode potential
- standard hydrogen electrode

Respondents geography



Respondents are from 6 cities of Kazakhstan
Respondents came at the courses from 6 cities of Kazakhstan

Picture 7. Using languages to learn, and learning to use languages

Students do not simply “pick up” this type of language, to then use it immediately and correctly. By reading and working with the examples, they are being inducted into the world of subject-specific discourse, but the question of whether they learn to understand and then to use this type of language depends on many factors. Subject teachers need to be trained in order to make this language salient, to make it stand out and to help it do its conceptual work. By fusing the worlds of language and subject teaching, CLIL is helping everyone to focus on the importance of language as the key not just to academic success but as the key to normal educational practice. The Language Across the Curriculum movement in the 1980s in both the UK and the USA recognised the importance of language in the subject world, but again, in a CLIL context that works, this approach occurs almost by default. When you are not teaching native speakers, you tend to focus more on how you are going to get the concepts across, which brings us back to procedures.

We are constantly being told that the future of education resides in a new emphasis on skills and competences. The European Commission has published a list of “key competences” for what it calls “lifelong learning”, and curriculum planners are now expected to incorporate these ideas across subject areas. CLIL is already functioning along these lines. There is no separation, in CLIL, of the worlds of concepts, procedures and language.

References

1. Marsh, D. Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory// Cyrdoba, Spain, (2002): University of Cyrdoba, 552 p.
2. Graddol, D. English Next //Bristol, United Kingdom, (2006): British Council Publications, 132 p.

УДК 371.31:54

Орта мектептегі химиядан өткізілетін факультатив сабақтарын ұйымдастыру жолдары

Б.Б. Досанова, Ж.Б. Алпамысова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В статье приведены особенности проведения факультативных занятий, методика решения химических задач и лабораторных работ. В процессе проведения факультативных занятий по химии появляется интерес к предмету, расширяется кругозор, способствует углубленному пониманию изучаемой темы.

The article describes the features of the optional lessons, the method of solving chemical problems and laboratory works. In the process of conducting optional courses in chemistry one becomes interested in the subject, expands horizons, promotes in-depth understanding of the subject.

Ключевые слова: *факультативные занятия, химия в школе, процесс проведения факультативных занятий.*

Key words: *optional lessons, chemistry at school, process of conducting optional lessons.*

XXI-ші ғасырдағы алдыңғы қатарлы бәсекеге талас, өркениетті елдер қатарына қосылу мақсатында Қазақстан ғылым мен білімді әлемдік деңгейге, ұлттық ерекшелікке сай үйлесімді дамыту жолдарын қарастыруда. Қазақстанның болашақ дамуына арналған «Қазақстан – 2030» бағдарламасында тәуелсіз мемлекет құруда еліміздің әрбір азаматы өзінің қоғамдағы алатын орнын саналы түсінуі және ел экономикасының бүгінгі сұранысына жауап бере алатын тәрбие, білім алуы қажеттігіне баса назар аударылған.

«Қазақстан-2030» бағдарламасы ұзақ мерзімді мақсаттарды атап, нақтылы нәтижелерге жету үшін мектеп алдына күрделі міндеттер қойды. Осыған орай мектептердегі білім сапасын және тәрбиені жақсартып, оқушылардың дүниетанымы мен өмірлік көзқарасын барынша шыңдаудың қажеттігі атап көрсетілген. Бұл міндет әрбір сабақтың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндігін жеткілікті ойластырып, жете пайдаланған жағдайда ғана іске асады [1].

Орта мектепте оқу пәндерінің қазіргі өзгерісті кезеңінде жүзеге асыруға тиісті негізгі мәселенің бірі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы - оқушылардың дұрыс ойлау дағдыларын, ізденімпаздығын, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру.

Оқушылардың дұрыс ойлау дағдылары олардың таным белсенділігімен тығыз ұштасып жатады. Тез өзгеріп отырған экономикалық жағдайда іргелі пәндік білім жеткілікті деңгейде оқытуды талап етеді. Оқушылардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде араласу үшін білімді өз бетінше іздену, талдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру маңызды да күрделі.

Орта мектептердегі факультативті сабақтар барысында химияны оқытудың дәстүрлі әдістемесі, өзіндік жұмыстары мен сабақтар барысында инновациялық мазмұн мен дәстүрлі емес әдістер формасын жүзеге асыру қажеттілігінің арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу химияны оқушылардың білімін жоғарылату әдістемесін ұсынуға мүмкіндік береді.

Химия пәнінен жүргізілетін факультативтерді негізінен үш топқа бөлуге болады. *Жоғарыдеңгейдегі факультативтердің* мақсаты ол негізгі және міндетті курстардың мазмұнын тереңдету бағытында жүргізіледі, сондықтан да жеке сыныптар көсетіліп, белгілі сағаттар бөлінді. *Қолданбалы курс факультативтер* ауыл шаруашылығы мен химия өндірісінің негіздерін үйретуді көздейді. Химиялық талдау негіздерінен мағлұматтар береді. *Арнаулықурс факультативті* химия ғылымының негіздеріне сәйкес кейбір бағыттарды, бөлімдерді тереңдетіп қарастырады [2,3].

Сәйкесінше, 8-сынып оқушыларының факультатив сабағына дайындалған «Еріген заттың массалық үлесін табу» атты тақырыбын төмендегідей әдістемесін ұсындық.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға еріген заттың массалық үлесі және ерітіндінің концентрациясы туралы түсінік қалыптастырып, оны есептеуге және іс жүзінде қолдана білуге үйрету.

Сабақтың міндеті:

Білімділік: зат мөлшері, мольдік масса, элементтің күрделі заттағы массалық үлесін есептеу білігі.

Тәрбиелік: білім деңгейін жетілдіру, алғырлыққа тәрбиелеу.

Дамытушылық: оқушылардың дұрыс шешім қабылдай білуін жетілдіру, белсенділік, икем дағдысын қалыптастыру.


Сабақтың түрі: факультатив сабақ

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру бөлімі: Оқушылармен амандасып, жоқ оқушыларды тексеру.

Жаңа сабақ:

Химияда суда еріген зат пен еріткіштің арасындағы сандық қатынасты анықтау үшін ерітіндінің концентрациясы деген ұғым енгізілген.



Ерітіндінің концентрациясы ерітін зат шамасының жалпы ерітінді шамасына қатынасымен анықталады.

Егер ерітіндінің ішінде еріген зат мөлшері аз болса сұйытылған, көп болса концентрлі ерітінді деп аталады. Мысалы, күміс хлоридінің қаныққан ерітіндісі $1,5 \cdot 10^{-3} \text{ г/л}$ өте сұйытылған ерітінді болып табылады, ал ас тұзының қанықпаған ерітіндісі (100г/л) концентрлі деп есептеледі.

Ерітіндідегі еріген заттың массалық үлесі дегеніміз – еріген зат массасының ерітінді массасына қатынасы болып табылады.

Белгілі массалық үлесті ерітінді даярлау үшін төмендегі формулаларды пайдаланады: [5]

$$\omega = m_{1(\text{еріген зат})} / m_{(\text{ерітінді})} * 100\%$$

Мысалдар:

1-есеп. Тұздың 100г 20%-тік ерітіндісімен 50г 32%-тік ерітіндісі араластырылды.

Алынған ерітіндідегі заттың массалық үлесі қандай?

Алдымен әр ерітіндідегі тұздың массалық үлесін табайық:

$$m_{1(\text{ер.з.})} = 100 * 20\% / 100\% = 20 \text{ г тұз,}$$

$$m_{1(\text{е.з.})} = 50 * 32\% / 100\% = 16 \text{ г тұз.}$$

Ерітіндінің жалпы массасы: $m(\text{ер-ді}) = 100 + 50 = 150 \text{ г.}$

Енді араластырылған ерітіндінің жалпы массалық үлесін табамыз:

$$\omega = 20 + 16 / 150 = 36 / 150 = 0,24 \text{ немесе } 24\% \text{ ерітінді.}$$

Жауабы: 0,24 немесе 24%.

Тәжірибелік бөлімі.

1-тәжірибе. 200 г 5 проценттік натрий хлоридінің ерітіндісін дайындау керек.

Қажетті құралдар мен реактивтер: 200 мл өлшеуіш цилиндр, 300 мл колба, натрий хлориді, дистилденген су.

Жұмыстың барысы: Жұмыс келесі тәртіппен орындалады:

Ерітінді дайындаудың тәжірибелік бөлімін жүргізу үшін төмендегідей есептеулер қажет. Мысалы:

200г 5 проценттік ерітінді дайындау үшін қажетті натрий хлоридінің анықтау керек.

100г 5%-тік ерітіндіде 5г натрий хлориді бар, ал 200г 100г 5%-тік ерітіндіде X г натрий хлориді бар.

$$1) \quad 100 \text{ г ер-де} \quad \text{----} \quad 5 \text{ г NaCl}$$

$$200 \text{ г ер-де} \quad \text{----} \quad X \text{ г NaCl}$$

$$X = 10 \text{ г NaCl}$$

2) 200 г ерітінді дайындауға қажетті судың мөлшерін есептеу

$$200 \text{ г} - 10 \text{ г} = 190 \text{ г су}$$

3) Өлшеуіш цилиндрмен 190 мл суды өлшеп аламыз.

4) 190 мл суды колбаға құйып оған 10 г өлшеніп алынған тұзды қосамыз.

Осындай ерітінді дайындау есептеулерін мүмкіндігінше көп шығарып машықтанса, іс жүзінде жүргізу қиыншылық тудырмайды. («Крест», «Интерполяция» әдістерін қолданылады).

Факультатив сабақты өткізу арқылы оқушылардың химия пәнінен алған теориялық білімдерін бекітіп, есеп шығаруға деген икем мен бейімділіктерін, қызығушылықтарын және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас орната отырып, өз пікірлерін қорғай білуге үйренеді.

Ал, лабораториялық жұмыста теориялық білімдерін практикада ұштастырып, оқушылардың пәнге деген тиянақтылығы мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар, оқушылардың химиялық қисынды ойлауын өрістеу, білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік жасайды, табандылық, іскерлік, ізденгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады, оқушылардың танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытады.

Қорыта келгенде, факультативтік сабақтар оқушылардың ғылыми-теориялық білімін, танымдық ынтасын, шығармалық қабілеттерін шыңдайды.

Әдебиеттер

1. <https://www.topreferat.com>
2. Мырзабайұлы А. «Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері». - Алматы, 2004 ж.
3. Мырзабаев А., Турбекова Н. «Химиядан кластан тыс жұмыстар және танымдық ойындар».- Алматы: «Рауан»,1993ж
4. Көгісов С.М. «Химиядан сыныптан тыс жұмыстар». - Ақтөбе,2001ж.
5. Нұрахметов Н., Сарманова К., Жексенбина К. «Химия» оқулығы, 8-сынып, 2012ж.

ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И СПОРТ
Art, Culture and Sport

ӘОЖ: 78.01.1

Қ.ЖҰБАНОВ - ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

А.А. Жартыбаева, А.Қ. Алиева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

В статье рассматриваются вопросы формирования творческих способностей учащихся на уроках казахской народной музыки. Казахская народная музыка уходит своими корнями в глубь веков. Далекие предки казахов, многочисленные простые племена, обитавшие на степных просторах создали богатый инструментарий, музыку, песни, самобытные музыкально-поэтические традиции, которые и были унаследованы современным казахским народом.

This article considers the issues of formation of pupils' creative abilities at the Kazakh folk music lessons. Kazakh folk music rooted deep into centuries. Ancestors of the Kazakhs, numerous pastoral tribes living on the steppes of Central Asia, created a rich toolkit, music, songs, original music and poetry traditions, which were inherited by modern Kazakh people.

Ключевые слова: *музыка, народная музыка, творчество, педагогика, урок, процесс.*
Keywords: *music, national, folk music, creativity, pedagogy, lesson, process.*

Қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрдың бірі - күйлер. Профессор Қ.Жұбанов қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрларының бірі ретінде күйлерді айрықша атап алады да: «Композиция жағынан, музыка мәдениетінің басқа өлшеулері жағынан қарағанда да, күйлер халық музыкасының жетіскен ірі тарауы екендігіне дау болмауы керек», - деп астын сызып көрсетеді. Осы тұста қазақтың ұлттық ерекшелігіне ерекше тоқталады: «Қазақтың өзі де күйді артықша бағалайды: онда айтып тұрған әңгіме, сөйлеп тұрған сөз болмаса да, күйлердің өзінің музыка тілі халыққа сондай жақын, сондай түсінікті, оны тілсіз түрінің өзінде жақсы таниды». Күйдің өзінің музыка жанрының бір түрі болушылығы жағынан қарағанда бұл жөніндегі ең алғашқы мағлұмат XIV ғасырда жазылған кітаптардан табылады. Сол кезде болған иран музыканты Әбдіқадыр Мурағи деген кісі өзінің «Зубдәтел әдуар» деген кітабында күй жайында бірқатар мәліметтер береді. Әбдіқадыр кітабынан біздің көретініміз: күй жалғыз қазақта ғана болмаған, ерте кезде де біздің қазақ - қазақ болып құралмай тұрған кезде, XIV ғасырларда да болғандығын, оның үстіне хан сарайында, жоғарғы таптың қолында болған музыка түрі екенін көреміз. Енді, қазақ тіліндегі музыка терминдерін қарасақ, олар шығыстың тіл мамандарының ойлағанындай бергі жерде түрлі халықтан жұққан сөздер емес. Өте әріде пайда болған, өте алыстағы елдердің сөздерімен, ұғымдарымен байланысып жатқанын көреміз. Оның үстіне, бір термин әр халықта әр түрлі инструменттің (аспаптың) аты болып жүргенін көреміз. Бұдан алғашқы әзірде бір инструменттің (аспаптың) аты бүгінгідей болып бірнеше айырылып, бір сөздің өзінен әр алуан атаулар шыққанын байқаймыз.

Қазақтың қобызы, скрипка сияқты смычекпен тартылатын инструмент. Татарда, башқұртта «қобыз» деп аталатын құрал бар, бірақ олардың қобыз дейтіні - темірден жасаған, атқамыт сияқты, бір жағын ауызға салып қойып, үнін аузымен ретке келтіріп отыратын бір нәрсені атайды. Қырғыздарда «қомұс» деп біздің домбыра тәрізді, бұдан айырмашылығы тек пернесі жоқ бір инструментті атайды. Қобыз дейтін инструмент Украина елінде де бар. Олар мұны «қобза» дейді. Украина қобзасын ескі оқымыстылар Күншығыстан келген, түрік, монғол елінен үйреніп алған, содан жұққан нәрсе деп есептейді. Бұл пікірдің қате екенін көреміз.

«Қобыз» сөзінің басқы «к» дыбысы түсіп қалғанда, «о»-ның орнына «а» дыбысын қолданғанда «абыз» болады. Қазақта ескі кездегі шамандарды «абыз» деп атаған. Ру құрылысы дәуірінде олар ру бастықтары болғандықтан, рудың ақсақалы, үлкені болғандықтан «абыз» сөзі барлық үлкендердің аты болып кеткен. Әйелдің үлкенін де қазақтар - абысын, татарлар - абыстай, ағаны - абзи дейтіндері сол «абыз» ұғымынан шыққан сөздер.

«Қ» дыбысы, «и» дыбысына айналған уақытта «иомыз» болар еді. Шуаш тілінде бақсы, сикыршы ертеде «иомыз» деп аталды. Академик Маар бұл сөзді ескі гректің легендарлы ақынды Гомер сөзінің бір тарауы деп біледі. Музыка - дыбыс өнері. Ол дыбысты ерте кезде алдымен осындай еңбек магии ретінде қолданылғандықтан, бүкіл дыбысқа байланысты ұғымдар, бері келе сөзге, тілге байланысты ұғымдар, сол магиялы еңбек деген ұғыммен байланыстырып жатады.

Қазақтың инструментінің біреуі - «сыбызғы». Негізгі түбір болатын «сыбыз» сөзі ұяң дыбысқа аяқталып тұр. Мұндағы ұяң «з» дыбысын қатаң «с» дыбысына айналдырсақ, «сыбыс» болады. «Сыбыс» қазақша дыбыс дегеннің бір тарауы, сонымен қатар бұл сыбызғы қамыстан, қурайдан жасалатын болғандықтан қамыс та алғашқы әзірде осы сөзбен аталып кеткен. Қазақша қамыстың бір аты - сыбыс. Көп жерде бұл сөз сақталмаған. Бірақ ұзын бойлы, жіңішке нәрсені таныту үшін сын есім етіп «сидиған» түрінде пайдалану әр жерде де бар. Сүйтіп «сыбыз» деген сөз бірінші жағынан - дыбыс, екінші жағынан - сол дыбысты шығаратын құралдың аты болса, үшіншіден: сол құрал болатын заттың аты - қамыстың аты болады.

«Қамыс» сөзіндегі «а» дыбысын «о» дыбысына айналдырсақ, қырғызша «қомыс», біздің «қобыз» болып шығады.

Ал «Домбыра» сөзінің қайдан шығып, қайдан қойғаны туралы тіл мамандары осы күнге дейін бір пікірге келе алған жоқ. Бұл туралы түрліше жорамалдар бар. Жорамал болғанда да барып тұрған тұзсыз жорамал. Өйткені үнді - европашыл оқымыстылардың ұстаған методологиясымен зерттеп, бұл сөзді көп жерге жайылып кетті деу үйлесімсіз. Біздегі «домбыра» сөзін олар араптың «тамбұр» дегенінен алынған дейді. Араптар өзінің «тамбұр» деген сөзін парсыдан келген деп есеп қылады. Парсы жұрты бұл сөзді ежелгі үнді жұртынан алынды деп есептейді. Ежелгі үнді тілінде ондай сөз болмағандықтан, тіл мамандары мұны парсыдан алынған дейді. Парсы тілінде де мұндай сөз жоқ.

Орыстарда да «домра» дейтін инструмент бар. Бұл сөзді де, инструментті де оқымыстылар орыстың өзінікі емес, орыстарға монғолдан келген, XIII ғасырларда Шыңғыс жорығында орыс арасына монғол әкеліп тастаған дейді. Ол - сонымен, монғол сөзі деп есеп қылады. Орыстарға ол монғолдан келген болсын, ол монғолдардың өзіне қайдан, қалай келгендігін ашып беру оңай емес. Оның үстіне, алыстан Үнді теңізінің аржағындағы бенгал елінің тілінде де осындай музыка инструменттерінің «тамыр», «дабыр» аталатындығын ескі буржуазияшыл тіл ғылымы ашып бере алмас еді.

Ежелгі грек легендасындағы музыканың иесі болған Темерис деген соқыр адамның аты жайында «Яфетический сборник» деп аталатын жинақта ескі көп деректер келтірілген. Бұл жинақтың 6 - кітабында «Соқыр темір» жайында бір зерттеу басылған. Біздің қарауымызша, орыстың «домрасы», қазақтың «домбырасы», араптың «тамбұры», бенгал елінің «тамыры», гректің «тамирі» - бәрі бір нәрсе. Мұның бәрі де ерте кезде музыканың иесі, мұнарасы болған бір ұғымның аты. Сол «тамыр», «дамыр» сөзінен бір жағынан «тәмир», екінші жағынан «йамыз» сөздері бошақтап шыққан болуы керек. Сонымен «домбыра» сөзі бір елден ауып келген сөз емес. Бұл инструмент те бір елден ауып, жылысып келген емес. Евразия елдерінің бәріне де тегіс тараған, соның бәрінде де музыка иесі болып саналған, бір тотемнің аты болуы керек.

Бұлай дегенде біз бір халық пен екінші халықтың арасында мәдениет байланыстары тіпті болмайтын нәрсе дегіміз келмейді. Бірі мен бірінің мәдениеті жөнінде де халықтар аралас - құралас болып, бірінен-бірі үйреніп жатады.

Бірақ, соның бәрі де бола тұра, сонымен қатар, әр халықта ешбір мәдениет ықпалы, мәдениеттің жұғуы деген ұғымдармен өлшеуге болмайтын нәрселер бола береді. Ал қазақтың «ән» деген сөзі - қазақтың өз сөзі емес. Парсының «оһәник» деген сөзінен өзгертіліп жасалғандығы анық болуы керек. Өйткені, қазақ тілінде «ә» дыбысы өте әріде болған нәрсе емес. Көбінесе бұл араб, парсыдан келген сөздердің дыбыстары

өзгеруімен қатар пайда болған. Ал, «күй», «жыр», «толғау» деген сөздер бөтен жақтан келген емес, өзінің төл сөзі. «Толғау» сөзінің түбірі «толға». Мұндағы «ға» жұрнақ таза түбірі «тол». Осы түбірден барып «толқын» сөзі жасалған. Түрікпендерде толқынды «толға» дейді. Бұл сөз әрі толқынның ырғағымен байланысты болса, екінші жағынан сумен байланысты екенін көреміз.

«Күй» деген сөздің арғы тегі «көк пен» байланысты болғанын біз баста айтып едік. Ендеше күйдің де көкпен, аспанмен байланысты болғанын көреміз. Көк пен су екеуі бір кезде бір ұғым болған. Бірі - жоғары аспан, бірі - төменгі аспан болып саналған. Алғашқы адам ұғымында екеуі де космос. Бізде барлық табиғат адамнан сыртқы күш болып саналған. Музыканың алғашқы шығатын жері адамның сыртқы табиғатпен арпалысуы, сонымен байланысуы, астарласып, араласуы болса, мына сөздің өзінің аспан мағынасында болушылығы осы пікірді тағы да дәлелдеп өтеді. Алғашқы искусство (өнер) орындарының бәрі де синкретизм түрінде бірімен бірі қабаттасып жүретін. Марр айтқандай, ерте кезде эпос, музыка, би бір-бірінен айрылмай қабатталып жүргендігін қарасақ, әңгімелеп отырған мәселені бөліп алуға тура келеді. Бүгіндегі күйлер әнсіз тартылады. Оларға бөтен өлең де, ешнәрсе де қосылмайды. Бұл - әннен, дауыс қосып айтатын сөзден бөлініп шыққан бір жанр. Бірақ алғашқы әзірде бұлайша бөлектелмей, жыр мен екеуінің бір жүрген болуының жөні бар. Осы күнгі қазақтың күйлеріне ұқсас иран, азербайжан күйлеріне дауыс қосып, ән шырқайды. Алғашқы әзірде сөйлеп отыратын ерте, арасында дауыс қосып салатын ән - бәрі аралас болып, бері келе бұлардың бет-бетімен айрылып, бөлініп кетуі қиын емес. Домбырада тартылатын күйлердің ішінде әңгіме қосып тартып отыратын, біз білетінде бір-екі-ақ күй бар, - дейді ол өз ойын одан әрі жалғастырып, - Оның да әңгімемен біте қайнағаны- «Ақсақ құлан-Жошы хан» «Ақсақ құланның» Ермекұлы, Медетұлы және Бөкейханұлы берген үш нұсқасы бар екендігі, бұлардың үшеуі де бір-біріне ұқсайтындығы сөз болады. Қамбар тартатын варианттың авторы Үсен төре екендігі де қамтылған. Содан да оның «Бері келе әдебиет жанрлары жетісіп, бірінен бірі бөлініп, қара сөз-әңгіме, өлеңді әңгіме, содан кейін өлең бөлек-бөлек жанр болып шыққаны сияқты күйде де жаңағы сюжетті *әңгіме мен күйдің* ішінен қара сөз бөлініп, әдебиетке кетіп, сөз құралып, дауыс қосылып айтылатындар ән болып шығып, түрлі дыбысты, түрлі қозғалысты суреттейтін жерлері бөлініп, күй болып кетсе керек. Сонда күйлердің бірқатары сол бүтін сюжетті әңгіменің ішіндегі барлық музыкалы моменттерден құралып, құрастырылған құрама, біреулері музыкалы әңгіме болса, қайсыбіреулері соның ішіндегі тек бір музыкалы моментті айырып алып, ұлғайтып, жетістіріп, гармониялық бір күйге айналдырып жіберген кездері болса керек», - деген тұжырымын қаперге алған жөн.

Біздің батырлық эпостарымыздың бәрінде де қара сөзге *өлең* аралас келеді. Таза өлеңмен айтылатын жалғыз «Қобыланды», «Қозы Көрпеш», «Шора», «Алпамыс» т.б. бәрінде де қара сөзбен әңгімелеп айтып келеді де, ара арасындағы лирикалық моменттерді өлеңдетіп жібереді. Біз мұны ескі парсы әдебиетінде де, оның ішінде парсының классикалық әдебиетінде де көреміз. Сағдидың «Гүлстаны», Фирдоусидің «Шаһ-намасы» - бәрінде де осылай қара сөзбен айтып келіп, ара-арасында өлеңдетіп жіберген. Домбыра, қобыз немесе басқа инструменттермен (аспаптармен) жыршы жырлай отырып, әңгімесін айта, инструментте оңай әнді шырқай орырып айтылатын нәрселер осылар сияқты сюжетті поэзия. Мұның да шыққан жері осындай әңгімелеп, күйлеп айтылған эпос болу керек.

Сол кездегі әдебиеттер қара сөзбен айтылатын, немесе речитативпен айтылатын күйлердің де, қара сөзбен айтылатын эпос әңгімелердің де өңделіп музыкаланатын жерлері - анау «Ақку» күйіндегі, болмаса «Ақсақ құландағы» аттың аяндағанын, құстың ұшқанын, құланның ақсаңдағанын, мылтықтың атылғанын суреттеймін деген оймен лирикалық моменттерді музыкамен бергені болса керек. Қазақ тіліндегі музыкалық аспаптар мен атаулардың этимологиялық тегін зерттей келіп, профессор Жұбанов олардың тілдік қорымызда ерте заманнан келе жатқанын дәйекті дәлелдейді. Сонымен, Қ.Жұбановтың өнер тақырыбындағы зерттеулерінде қазіргі қазақ музыкасының халықтық саз өнері негізінде туып өркендегені, соның дәстүрін дамытып қана биік деңгейде жеткендігін айқындайды.

Әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. -581 б. - Б.273
2. Кенжебаев К., Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов. - Алматы: «Ана тілі», 2000. -280 б. - Б.153
3. Айталы А.А. Ұлттанушы ғұлама /Жұбанов тағылымы VI Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -Ақтөбе, 2005.
4. Қаратаев М. Профессор-патриот /Жұбановтану жылнамасынан (профессор Қ.Жұбановтың туғанына 105 жыл толу мерейтойына орай жинақталған дерек көздері). - Ақтөбе, 2004

ӘОЖ 233-535:37

Студенттерді халық әндері арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің зерттелуі

А.Ж. Байшукурова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В данной статье рассматриваются современные тенденции музыкального образования и воспитания, поиск новых средств для развития музыкальных способностей начинающего музыканта, приобщение студента к эстетическому опыту человечества, а также практика преподавания музыки и проблемы музыкального образования на современном этапе.

This article discusses contemporary trends in music education, the search for new tools for the development of musical abilities of young musicians, introducing the student to the aesthetic experience of mankind, and the practice of teaching music and problems of music education at the present stage.

Ключевые слова: *музыкальное образование, музыкальное воспитание, музыкальные способности, преподавание музыки.*

Keywords: *music education, music education, musical abilities, teaching music.*

Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін алға тартып отыр.

Егеменді елімізде соңғы жылдар тізбегінде жүргізіліп келе жатқан білім реформасына қатысты түбегейлі бетбұрыстар, атап айтқанда әлемде дамыған мемлекеттердегі білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналатын 12 жылдық білім беру жүйесіне ену қарқыны – қоғамдық ортадағы адамдардың ерекше пікірлері мен көзқарастарын қалыптастыруға негіз болды. Көптеген өнеркәсіп орындарының жаңа технологиялық қондырғылармен қайта жабдықталуы - білім сапасының жаңа деңгейге көтерілуіне өзгеше талап қойды. Аса қарқынды белең ала бастаған аталмыш құбылыстарға мемлекет тарапынан терең талдаунамалар жасалып, ортақ проблеманы бұқара халықпен бірлесе отырып атқару мәселелері жолға қойылуда.

